


МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗБЕН, ҚҰРМЕТТІ АУДАН МҰҒАЛІМДЕРІ!

№ 41 (7733)
30.09.2016
ЖҰМА

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі (А.Байтұрсынов)

Аманкелді арайы

аудандық апталық газет
e-mail: amangeldy-arai@mail.ru



А.Иманов

МЕКТЕПТЕГІ ИГІ ІСТЕР



Суретте: Аманкелді орта мектебінің педагогикалық ұжымы.

Аманкелді орта мектебі - ауданымыз бойынша білім берудің қарашаңырағы болып есептеледі. Ол өз бастауын Батпаққарада 1913 жылы ашылған Қараторғай болыстық орыс-қазақ бастауыш мектебінен алады.

Батыр атындағы мектептен түлеп ұшқандардың барлығы дерлік ауданымызды өркендетуге үлкен еңбек сіңірді.

Соңғы жылдары Аманкелді орта мектебінде жас ұрпаққа білім және тәрбие берудің сапасы арта түсті. Әріге бармай-ақ биылғы жылдың өзінде осы мектептің түлектері «Алтын Белгіні» қорғауда аудан мектептерінің көшін бастады. Оқу орнының үш түлегі «Алтын Белгі» иегерлері атанып, мерейлері үстем болды.

Бұл ретте мектеп мұғалімдерінің зор еңбегін ерекше атап өткен жөн. Мектеп директоры Төлеутай Құсайынова оқу орнының педагогикалық ұжымын жаксы басқарып, оларды ортақ іске жұмылдыра білуде. Осының нәтижесінде батыр ата атындағы мектеп өзінің 103 жылдық тарихи қызметі мен дәстүрлі жолына сай жас ұрпақты Тәуелсіз еліміздің үкілі болашағы ретінде тәрбиелеуде айтарлықтай қызмет жасауда.

Мектеп педагогикалық ұжымы Елбасымыз алға қойған міндеттерді орындау жолында шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасап келеді.

«ҰСТАЗДЫҚ — ҰЛЫ ІС» НЕМЕСЕ С.ОТАШҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕГІНЕ ТАҒЗЫМ

Ұлы жазушы, ғалым-ұстаз, академик М.Әуезов мұғалімдерді осылай бағалаған. Себебі, ол кісі де өмір бойы ұстаз болып өткен. Шындығында да, ұстаздың еңбегі — ерекше еңбек! Әліпті таяқ деп білмейтін жас балаға оны жалықпай үйретіп, тілін сындырып, ғылым-білімге үйрету — қиынның қиыны.

Біздің ауданымызда да әр кезеңде талай тамаша ұстаздар болды. Сол саңлақтардың бірі — марқұм иманды болғыр, Сабыржан Оташұлы еді. Оның қысқалау ғұмырының көп жылдары қатардағы мұғалімдікпен өтті. Білік тізгіні қолына кештеу тиді. Ол кісі орта мектеп директоры болып тағайындалғанда 47-ден 48 жасқа қараған шағы болатын. Көптің дегенімен емес, керісінше сол көпті өзінің дегенімен жүргізе білетін, өте талапшыл һәм тиянақты, білімді де тәжірибелі ұстаз билік тізгіні қолына тиген сол 1973 жылдың күзінен бастап, қашан көз жұмғанынша (1980ж) Жасбуын орта мектебін өрге сүйреді. Әділдікті, туралықты ту қылып ұстады. Оңға да, солға да бұрылмады. Тайқымай, тайсалмай тура тартты. Қарауындағы әрбір

мұғалімнің адал еңбегін біреулердің айтуымен емес, өзі әділдікпен бағалай білді.

Сондықтан да, оны мектептің педагогикалық ұжымы құрмет тұтты. Шәкірттері мен халқы сыйлады. Абырой асты, мерейі үстем болды. Жасбуын мектебінен келіп бір жыл аудандық білім бөлімін де басқарды. Бірақ, мансаптан гөрі ұстаздықты жоғары қойған ол қызметінен өзі тіленіп, қайтадан Жасбуынына оралды. Ауданға кеткенінде қимастықпен шығарып салған әріптестері қайта келуін қуанышпен қарсы алды. Алайда олардың бұл қуанышы ұзаққа бармады. Майталман мұғалім, іскер директор болған Сабыржан аға 54 жасында кенеттен бақиға аттанып кетті.

С.Оташұлы - ұстаздықтың мәртебесін биікке көтерген кісі еді. Тірі болса осы күндері 90 жасқа толар еді.

Аудан мұғалімдерін биылғы төл мерекелерімен құттықтай отырып, «АА» газетінің 4-5-6 беттерін ұстаздар қауымына арнап отырмыз.

«АА» газеті редакциясы



АУДАН ЖАҒАЛЫҚТАРЫ



ЕГІН ОРАҒЫ ТАБЫСТЫ АЯҚТАЛДЫ

Аудан дихандары биылғы бітік шыққан егін науқанын белгіленген уақытта аяқтады. Яғни, 101 474 гектар жердің астығы орылып, әр гектардан орташа 10,9 центнерден сапалы алтын дән жиналды.

Дихандар Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына тамаша тарту жасады. Жоспар асыра орындалды.

БАҚША ӨНІМДЕРІ ДЕ МОЛ

Өңірдегі бақша өсірушілер үшін де биылғы мерекелі жыл - берекелі жыл болды. айтан Сәтеннов, Мұқаш Бимағанбетов, Минерал Оспанов секілді және басқа да бақша өсіруші кәсіпкерлер мол өнім жинады.

Бүгінде олардың өсіріп, жинап алған өнімдерін аудан тұрғындары көптеп сатып алуда.

Таңдау жасауға мүмкіндік жеткілікті. Халық орталық бақша өнімдері базарына барып, оларды аралап көріп, таңдағандарын сатып алып, игілігін көруде.

♦ БАСПАСӨЗ - БАРШАҒА!

ӨЗ ГАЗЕТІҢІЗ — ӘР ҮЙДЕ БОЛСЫН, АҒАЙЫН!

Құрметті оқырман! Қазіргі күні еліміз бойынша 2017 жылдың мерзімдік баспасөзіне жазылу науқаны басталды.

«Аманкелді арайы» газетінің 2017 жылға жылдық жазылу бағасы төмендегідей болып белгіленді:

Жеке тұлғаларға:

1. 1 жылға — 3500 теңге
2. 6 айға — 2000 теңге

Занды тұлғаларға:

1. 1 жылға — 4000 теңге
2. 6 айға — 2200 теңге

Құрметті оқырман! Сіздерді өздеріңіздің төл газеттеріңіз — «Аманкелді арайына» бір кісідей ұйымшылдықпен жазылады деп сенім білдіреміз.

Құрметпен - «АА» газеті редакциясы

МҮГЕДЕКТЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ – БІЗДІҢ ПАРЫЗЫМЫЗ!

Қазақстанда мүгедектер күні 1993 жылғы 15 маусымдағы Республика Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен қазан айының екінші жексенбісі болып белгіленді. Биылғы жылы бұл күн 9-шы қазанға сәйкес келеді.

Мемлекет басшысының Жарлығында бұл күнді белгілегендегі мақсат: мүгедектерге мемлекет тарапынан қамқорлық көрсету, олардың проблемаларына жұртшылықтың назарын аудару екендігі айтылады. Сондықтан мүгедектердің жағдайын жақсарту еліміздегі әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Мүгедектерді оңалту проблемаларын тиімді шешудің заңнамалық негізін қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі ҚР заңы, «Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс шараларының үшінші кезеңі (2016-2018 жылдар)» туралы ҚР Үкіметінің 2016 жылғы қантар айындағы қаулысы, 6 асқа да заңнамалық құжаттар, республикалық және облыстық өкілетті органдардың осы мәселе жөніндегі нормативті құжаттары қабылданды.

Мүгедектердің тұрмыстық, әлеуметтік-экономикалық, саяси тұрғыдан қорғалуын күшейту мақсатында Республика Парламенті 2015 жылғы қараша-желтоқсан айларында мемлекетіміздің 24 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2014 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «.. мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлуіміз керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс, ... ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл қоғам алдындағы біздің парызымыз» - деп мемлекетіміз үшін бұл мәселенің өте маңызды екендігін атап көрсетті.

Бұл күнді мереке ретінде емес, мүгедектерге мемлекет тарапынан жасалып жатқан жұмыстар туралы есеп беру, жалпы қоғам мүшелерінің, оның ішінде басшылардың назарын аудару арқылы мүмкіндігі шектеулі жандарға жан-жақты қамқорлық көрсету күні екендігін атап өту қажет.



Ғасырлар бойғы қандастық, туыстық негізде дамыған ру-тайпалық жүйеде өмір сүрген қазақ халқы ежелден қоғамның әлсіз мүшелерін шеттетпей, қауым болып қамқорлығына алған. Мемлекетіміздің мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасы, Елбасының халыққа, оның ішінде бизнес өкілдеріне қарата айтылған өтініші халқымыздың ежелден келе жатқан дәстүрінің бүгінгі нарық жағдайында да өзінің актуалдылығын жоймағандығын көрсетеді.

Мемлекетімізде қоғамның әлсіз топтарын назарынан тыс қалдырмай, жыл сайын Үкімет белгілеген мөлшерде материалдық көмек көрсетіледі. Оның сыртында аз қамтылған отбасы балаларына, мүгедектер мен ауру балаларға арналған қайырымдылық акциялары өткізіліп келеді.

Осы тұрғыда аудан әкімдігі қолданыстағы заңнамалық құжаттарға сәйкес бірқатар жұмыстар атқарып келеді.

Аудан көлемінде мүмкіндігі шектеулі жандар үшін әлеуметтік нысандардың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында 47 объект белгіленіп, 2014-2017 жылдарға арналған өңірлік жоспар жүзеге асырылуда. Бүгінде аудан әкімдігі, халыққа қызмет көрсету орталығы, аудандық мәдениет үйі, аудандық аурухана, «Сымбат» бизнес орталығы сияқты 2 әкімдік, 4 емдеу, 4 мәдени қызмет көрсету, 4 мектеп, 3 бала бақша, 6 басқа да қызмет көрсету мекемелерінің ғимараттарына кіре беріс жолдар, арбада отырған адамға арналған құрылғылар пайдалануға беріліп, мүмкіндігі шектеулі жандардың еркін



кіріп-шығуына бейімделген.

Аудан бойынша мүгедектердің тұрақты еңбекпен қамтылуы қанағаттанарлық деңгейде екендігін атап өтуге болады. Биылғы 8 ай ішінде 11 адам әртүрлі жұмыстарға жіберілді. 3 адам жеке кәсіпкерлікпен айналысады.

Өткен жазда дене мүмкіндіктері шектеулі, қимыл-қозғалыс аппараттары зақымданған, көру қабілеттері нашар жандар арасында шахматтан, дойбыдан, дартстан өткізілген жарыстарға 21 мүгедек қатысты. Сарыкөл ауданында 2015 жылдың жазында өткен параолимпиаалық ойындарға біздің ауданнан 5 адам қатысып, Дулыбаев Айдарған ұзындыққа секіру және 100 метрге жүгіруден бірінші және екінші орындарды жеңіп алса, 2016 жылдың маусым айында Денисов ауданында өткен мүмкіндігі шектеулі жандардың облыстық спорт және өнер фестивалына біздің ауданнан 12 адам барып қатысып, Қарқабатов Жандос доп лақтыру және қол күресінен, Махтин Амангелді баскетбол добын лақтырудан 1-ші орындарды жеңіп алды, А. Дулыбаев пен А. Махтин спорттың басқа түрлерінен 2-ші орындарды иеленіп, алтын және күміс медальдармен, дипломдармен марапатталды. Шығармашылық топ (А. Сейдахметов, Б. Ертаев, А. Асылбеков) көркемөнерпаздар байқауында командалық 3-ші орынды иеленіп, 250-ден астам адам қатысқан облыстық спорт және өнер додасынан аброймен оралды.

Көктем айында аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының күшімен «Жүрек жылуы» атты мүмкіндігі шектеулі қыз-

келіншектерге арналған демалыс кеші ұйымдастырылса, жаз айында мүгедек балалар мен жасөспірімдер арасында сурет салудан байқау өткізілді. Оған 12 оқушы қатысып, 11 жасар Таңатқанқызы Айдана өз қиялындағы Астана бейнесін кескіндеп жеңімпаз атанды.

Мұндай жарыстар мен байқаулар мүмкіндігі шектеулі жандарды сергіту, бойындағы қабілеттерін ояту, қоғамдық белсендігін арттыру мақсатында ұйымдастырылатындықтан, көпшілік іс-шаралардан қалыс қалмай, белсене қатысу қажет.

Мүгедектерді емдеу сауықтыру жұмыстары үнемі назарда ұсталынады. Аудан дәрігерлері 2016 жылдың 8 айында 233 адамға емдеу сауықтыру қызметін көрсетті. 21 адам шипажайларда, 7 адам республикалық оңалту орталықтарында ем қабылдады. 113 мүгедекке 671573 тенгенің тегін дәрі-дәрмектері берілді.

Аудан орталығына педагогикалық-психологиялық кабинет жұмыс істейді. Онда жеке даму бағдарламасымен 45 бала оқиды. Кабинетте балалардың ойлау қабілетін, логикасын дамытуға арналған мәтіндік-ролдік ойындар, «Ұсақ моториканы дамыту», «Ауытқушылық мінез-құлықты түзеуге бағытталған тренингтер», «Саусақ жаттығуларының бала тілін жетілдіруге пайдасы», «Тұтығу диагнозы бойынша сөйлеу тілін дамыту», «Есте сақтауға арналған жаттығулар» және басқа да тақырыптар бойынша сабақтар өткізіледі. Сонымен қатар 168 балаға аудан мектептеріндегі логопункттерде инклюзивті білім алуға жағдай жасалынған.

Үстіміздегі жылдың шілде - қыркүйек айларында Республика бойынша жарияланған «Халыққа жол!» акциясы аясында мүмкіндігі шектеулі жандарға құқықтарын түсіндіру мақсатында мемлекеттік қызмет көрсету, әлеуметтік саясат, мүгедектерге көмек, заңнамалардағы өзгерістер туралы сала мамандарының баспасөз бетіндегі кеңестері жарияланып, аудан тұрғындарымен кездесулер өткізілді.

Бақытбек БАЙТЕМІРОВ,
аудан әкімінің мүгедектермен жұмыс жөніндегі кеңесшісі.

Суретте: жеңімпаздар.

◆ *Жо. шірге жеделхат*

АЛҒЫСЫМДЫ БІЛДІРЕМІН

Амангелді САДЫРБЕКОВ,
Аманкелді аудандық партия комитетінің 1986-1990 жылдардағы бірінші хатшысы

Құрметті батыр атындағы аудан халқы және аудан әкімі Нұржан Қайыржанұлы!

Сіздер ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдығына арналған торқалы тойды жақсы өткіздіңіздер. Біз Аманкелдіге барып, сол қуанышты өздеріңізбен бірге бөліскенімізге ризамыз. Құрметтеп шақырғандарыңызға рахмет! Алған әсеріміз мол. Бұрыннан да бірлігі мықты батыр ата елі бұл жолы да өздерінің ұйымшылдығы мен ынтымағын көрсете білді. Еліміздің азаттығы мен Тәуелсіздігі жолында ерліктің ерен үлгісін көрсеткен ата-балалар рухына үлкен құрмет көрсетілді.

Той барлық жағынан ойдағыдай ұйымдастырылған. Келген қонақтардың бәрі риза болысты. Тойдың салтанатты түрде ашылуы да, мәдениет үйінде өткен 100 жылдыққа арналған ғылыми конференция да, ат бәйгесі мен балуандар күресі де, ақындар айтысы да жұртшылыққа жақсы әсер берді. Әсіресе, аудан халқының береке-бірлігіне тағы да риза болыстық.

Сондай-ақ, ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдығына арналып «Аманкелді елі» атты және аудандық газеттің түрлі-түсті мерекелік нөмірінің шығарылуы – өте жақсы болған екен. Біз сол кітапты да, мерекелік нөмірді де ынта қойып оқып шықтық. Бұлардан да алған әсеріміз мол. Әсіресе, «Аманкелді елі» атты кітапта бұрын белгісіз болып келген немесе айтылмаған ақиқаттар мен жаңалықтар айтылған. Кітап авторына жүрекжарды алғысымды білдіремін.

Батыр атындағы аудан - елдік пен ерлікті, ынтымақ пен бірлікті, біртұтастықты ежелден берік дәстүр еткен құтты мекен. Мен мұны осы ауданда 10 жыл қызмет еткенде өз көзіммен көріп, білген адаммын. Ауданның халқына айтар алғысым шексіз. Мұндай тойды қазіргідей уақытта ынтымағы күшті, салт-дәстүрі мықты ел ғана өткізе алады.

Батыр атындағы елдің халқын ортақ іске жұмылдырып, жақсы іс жасай білген ауданның жаңа әкімі Нұржан Өтегеновке табыс тілеймін. Өңірді көркейтіп, ауданды дамытуда жетістіктерге жете берсін!

Сонымен қатар, тағы да аудан халқына ақ тілегімді арнап, әрдайым жаңалықты істерді тындырып, туған өлкенің мерейін асырып, мәртебесін көтере берулеріне тілекшімін. Аллатағала сіздерді тойдан айырмасын! Аудан жылдан-жылға ілгерілеп, Қазақстандағы алдыңғы қатарлы аудандардың алғы сапынан көрінсін! Аман-есен болыңыздар. Бәріңізге тек қана жақсылық тілеймін!

Қазақстан Республикасының «Алқабилер туралы» Заңы бойынша Амангелді ауданы бойынша 2017 жылы алқабиге кандидаттардың бастапқы тізімін жасауының күнтізбелік мерзімдері

№	Іс-шаралардың атауы	Орындау мерзімі	Ескертпе
1	Амангелді ауданы алқабиге кандидаттардың алдын ала бастапқы тізімін жасау	13 қыркүйек – 10 қазан 2016 жыл (бір айлық мерзім)	Сайлаушылар тізімінің негізіндегі тізімнен Қазақстан Республикасының «Алқабилер туралы» Заңының 10-бабына сәйкес азаматтар алынып тасталады.
2	Аудан әкімдігі ғимаратында азаматтардың алқабиге кандидаттардың алдын ала бастапқы тізімімен таныстыру.	10 – 14 қазан 2016 жыл	Аудан әкімі аппараты азаматтардың тізіммен танысу мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. Қателіктер туралы арыздар қаралады, тізімге өзгерістер енгізіледі.
3	Азаматтардың алқабилерге кандидаттарды іріктеуге қатысуға құқықтарын бұзатын әкімдіктің іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану мерзімі.	17-21 қазан 2016 жыл	Азаматтар әкімдіктің іс-әрекетін (әрекетсіздігін) сотқа шағымдана алады.
4	Әскери сотпен белгіленген көлемде азаматтардың алқабиге алдын ала бастапқы тізімінен кездейсоқ тандау рәсімін өткізу, алқабиге кандидаттардың бастапқы тізімін жасау.	27-28 қазан 2016 жыл	Кездейсоқ тандау технологиясы әкімдікпен өз бетінше белгіленеді.
5	Облыс әкімдігіне алқабиге кандидаттардың бастапқы тізімін қағаз және электрондық тасымалдаушы ұсыну	01 қараша 2016 жыл дейін	Бастапқы тізім аудан әкімдігінің мөрімен бекітілуге жатады.

Ескертпе: Аудан азматтары Амангелді ауданы алқабиге кандидаттардың алдын ала бастапқы тізімімен төмендегі мекен-жайда таныса алады: Амангелді ауылы, Б.Майлин көшесі, 14 үй, 3-ші қабат, аудан әкімінің аппараты, байланыс телефоны 22018.

МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУ – БАРША ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ БОРЫШЫ



Мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау сұрақтарының Заңына 2015 жылғы 13 қарашада Мемлекет басшысы қол қойды, оның жүзеге асырылуы туралы процедураларында жаңа жақын мүмкіндіктер анықталды.

Қазір ақшаларды екі тәсілмен заңды етіп алуға болады

Бірінші: Оларды банктік шоттар арқылы көрсету және өз мұқтажына қолдану, мысалы: кәсіпкерлікке салу, жылжымайтын объекті сатып алу, немесе қарапайым шешіп алу. Және де барлық жинақ 10% пайыз төлемсіз шығарылады.

Екінші мүмкіндік: Қолма қол айналымдағы немесе шекараның ар жағындағы ақшаны заңдастыру үшін, олардың банктік шоттарын көрсетпей-ақ арызды түрде заңдастыра алады. Бірақ 10% пайыздық жинақ бюджетке төленеді.

Қандай жағдайда болмасын, заңдастыру субъектісі мемлекеттік кірістер басқармаларына декларация табыс етіледі.

Сонымен бірге, анықтаманы немесе 10% пайыздық төленген квитанцияның көшірмесі қоса жалғанады.

Мүлікті рақымшылық жасау процедуралары маңызды түрде оңайлатылды. Енді мүлікті заңдастыру үшін, Қазақстан аумақтарындағы орнында болған және тиісті құжаттармен дайындалған, Мемлекеттік кірістер басқармаларына

ілеспелі құжаттары мен бірге декларация табыс етеді. Сондай-ақ, шекараның ар жағындағы орналасқан мүліктерді де заңдастыру үшін қатысты.

Акимат жанындағы комиссиялар үшін Қазақстан аумақтарындағы мүліктерді заңдастыру субъектісі кезінде қаралатыны, заңдастырудағы – мүлік, тек қана орнында болған және кезінде тиісті құжаттармен дайындалмаған мүліктер ғана заңдастырылады.

Елбасы айтқандай: «Рақымшылық жасау – соңғы мүмкіндік, одан соң ешқандай жақындау болмайды». Осы акция аяқталғаннан соң барлық мәліметтер, шекараның ар жағындағы есеп шоттар барлық елдер бойынша қайта қаралады.

Заң болжайды, біріншіден шекараның ар жағындағы шоттар бойынша мәліметтерді жасырғаны үшін әкімшілік жаза қатаң түрде күшейтілді, екіншіден міндетті түрде шекараның ар жағындағы мүлікті декларациялау.

Осыған орай баяндалғанмен, жалпыға бірдей декларациялау және рақымшылық жасау акциясын аяқтау синхронизацияға арналған басты процесс, мүлікті жария ету мерзімі 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартылды.

Субъектілерді заңдастыру кезінде қосымша берілетін кепілдіктердің сұрақтарына өзгеше тоқталып өтетін болсақ.

Мүлікті рақымшылық жасауға қатысты, кезкелген мәліметтер,



салықтық және банктік құпия болып саналады. Сондықтан, заңдастырылған мәліметтер бойынша, үшінші тұрған тұлғаға яғни жекелерге, рақымшылық жасау комиссияларының жұмысшыларына, мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлеріне, екінші деңгейлік банктің жұмысшылары және Казпоштаның бөлімшелеріне таратуға ешкімнің құқығы жоқ. Бұндай мәліметтерді таратқаны үшін қылмыстық жазаға тартылатыны ескерілген.

Сонымен қатар, заңдастыру субъектілері құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдар жағынан - әрекеттері қорғалған. Дәл осындай, оның үстімен қылмыстық істер немесе дәлелдердің пайдаланылуы ол ақшалардың және мүлікті заңдастыру фактісінің алдыруына тиым салынған.

Сонымен қатар, жарияланған мүлік конфискуленуге жатпайды. Мүлікті заңдастыру - Ел ертеңі, болашағымыздың жарқын болуы, жастардың елге деген сенімін арттыру үшін жасалынып жатқан игі шаралардың бірі.

Осы акцияға қатысып, берілген мүмкіндіктерді мүлтік жіберіп, алмайық, ағайын!

М.СЕЙТКАМАЛОВ,
мемлекеттік кірістер
басқармасының басшысы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Объектілерді қорғау қызметі

Мемлекет Басшысының 2014 жылғы 21 сәуірдегі №807 Жарлығымен Президенттің күзет қызметін және Республикалық ұланды қосу жолымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі құрылды.

Мемлекеттік күзет қызметі – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін күштерге жататын, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін арнаулы мемлекеттік орган.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің құрылымына Объектілерді қорғау қызметі кіреді, ол әскери құралым болып табылады. Объектілерді қорғау қызметі әскери бөлімдерден – Астана қаласында «Айбын» Президенттік полкінен және Алматы қаласында «Батыр» Президенттік полкінен тұрады. Қызметтің осы екі нағыз жауынгерлік қанатына Тұңғыш Президент – Елбасының, басқа да күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының эталондарын күзетуді жүзеге асыру; рәсімдік және протоколдық іс-шараларды және Мемлекет басшысы айқындауы мүмкін өзге де міндеттерді орындауға қатысу бойынша ерекше миссия жүктелген.

«Айбын» және «Батыр» Президенттік полктерінің әскери қызметшілерін протоколдық іс-шараларды, мәртебелі қонақтарды салтанатты күтіп алу рәсімдерін өткізу және олардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде көрсететін жоғары кәсіпқойлықтары, шеберліктері ерекшелендіреді.

Олардың мінсіз қызметіне шетел мемлекет басшылары мен басқа да жоғары тұрған адамдар біздің елге келген уақытында жоғары баға береді.

Жылына екі рет Мемлекеттік күзет қызметі өзінің қатарын Қазақстан Республикасының барлық облыстарынан келетін бозбалалармен толықтырады.

Мемлекеттік күзет қызметінің әскери бөлімшелеріне іріктеу басымды, мұқият және қатаң болып табылады. Үміткерлермен Қорғаныс істері жөніндегі департаменттерге жіберілген офицерлер әңгімелесу жүргізеді. Әңгімелесу барысында барлығы анықталады: оқу және жұмыс орындарынан мінездемесі, әскерге шақырылушының қарым-қатынас ортасы, қызығушылығы мен бейімділігі, 180 см кем емес болуы тиіс бойы, медициналық деректері.

Отанға деген адалдығы мен берілгендігі, батылдығы, қысылтаяң жағдайда өз бетімен шешім қабылдай алуы, тәртіптілігі мен қырағылығы айқын көрінетіндерге басымдылық беріледі. Бұл жерде моральдық жағынан орнықты, дене күші жағынан шыдамды, әскери қызметке психологиялық тұрғыдан дайындалған бозбалалар қызмет өткереді.

Шақырылған сарбаздар жас жауынгер курсынан өтеді. Оқу бағдарламасына әскери дайындықтың негізгі пәндері енгізілген және олар әскери қызметшілерді жан-жақты дайындауға бағытталған. Әскери ант қабылдағаннан кейін мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер әскери бөлімдерге таратылады. Әскери қызмет өткеру кезінде әскери қызметшілер төзімділікке тексеруден өтеді, өйткені күзетілетін адамдардың және біздің еліміздің стратегиялық объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі атқаратын міндеттер ерекше жауаптылықты талап етеді.

Мерзімді қызметті өткергеннен кейін запасқа шығарылатын әскери қызметшілердің көбісі келісімшарт негізінде әскери қызметті жалғастыруға ниет білдіретіні қуанышты жағдай екенін атап өткен жөн.

Келісімшарт бойынша әскери қызметке қалған әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінде қызмет бабында өсуге мүмкіндік бар, сондай-ақ толық әлеуметтік пакет беріледі, ал ол дегеніміз: тұрғын үймен, тегін медициналық қызметтермен, жоғары оқу орындарында оқуға 50% жеңілдікпен және т.б. қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттің тиімділігін одан әрі арттыруды, жоғары білікті мамандармен жасақтауды және кадрлық саясаттың ашықтылық принципі жетілдіруді өзінің мақсаты етіп қояды, бұл ретте элиталық мемлекеттік органға Қазақстан Республикасының Президенті ерекше тапсырмаларды орындауды тапсырғанын атап өтеді.

ҚР МКҚ ОҚҚ Жедел басқармасы

ҚҰРМЕТТІ РЕСПОНДЕНТТЕР!

2015 жылғы қаңтардан «on-line режимінде» Интернет желісі арқылы статистикалық есептер нысандарын электронды түрде тапсыру мүмкіндігі ұсынылады.

Электронды есепті тапсыру үшін техникалық талаптар, сондай-ақ қажетті ақпарат ҚР Ұлттық экономика министрілігінің Статистика комитетінің www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында орналастырылды.

Сонымен қатар жаңадан ашылған шаруа қожалықтары және Ауылдық тұтынушылық кооперативтерін статистика нысаны мен есеп беруініз сұраймыз.

Кеңестер үшін телефондар: 8(714)40-21143, 8(714)40-21370

«ӘДІЛЕТ КЕҢЕС БЕРЕДІ» АТТЫ ТАҚЫРЫПТАҒЫ АШЫҚ ЕСІК КҮНІ



«Әділет кеңес береді» республикалық акциясы аясында «Нұр Отан» партиясы Амангелді аудандық филиалы мен Амангелді аудандық Әділет басқармасы Үрпек ауылдық

Азаматтық қорғау бойынша

ТҰРМЫСТАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Өздеріңіз білетіндей қазір үй өрттері жиі кездеседі. Үй жануы адам өмірі мен денсаулығына үлкен қауіп төндіреді. Ешкімге де құпия емес, өрттер көбінесе адамдардың өздерінің отқа бейқамдығынан қарауынан болып жатады. Тұтанулар мен өрттерді талдау нәтижесі көрсетіп отырғандай, өрттің 80%-ы адамдардың өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамауынан және оны білмеуінен болады екен. Міне сондай өрттің негізгі себептері:

Электрден болатын өрттердің негізгі себебі - ол қысқа тұйықталу, желінің шамадан тыс жүктелуі. Осындай жағдайда сымдар ерігенше қызды, оқшаулауы тұтанады, от айналадағы жанғыш заттарға таралып, өрт басталады. Электр тоғының сымдарын, розеткелерін, қосқыштарын жанғыш материалдарға бекітуге болмайды. Электр тоғынан болатын өрттер жиі кездеседі. Амангелді ауданында осы себептен тұрғын үйде өрт шықты, осыдан басқа да мысалдар келтіруге болады. Осындай болмау үшін электр сымдарын жөн жағдайда ұстау керек.

Пешті жағудың өрт қауіптілігі неде? Пештің есігін жауып және үлкендердің қарауымен ғана жағу керек. Пештің алдына, үстіне, пеш пен қабырғаның арасына жанғыш заттарды қоюға болмайды. Пешті ұзақ жағуға болмайды, өйткені қабырғалар тым қызғаннан жарықшақтар пайда болады, олардан, әсіресе шатырда, шоктар шығып, оңай жанғыш заттарға түсіп, өрттің шығуына себепкер болады. Ашық отты пайдалану ерекше сақтықты талап етеді, оны ұмытпау керек.

Өртке қарсы ережелерін сақтауларыңызды сұраймыз. Қостанай облысының төтенше жағдайлар департаментінің телефондары: 8/7142/503624; 112;

Амангелді ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің телефоны: 22-0-62 Амангелді ауданының №21 өрт сөндіру бөлімі: 21-5-07

А.ӘШІМ,
Амангелді ауданының ТЖБ-ің инженері
азаматтық қорғау сержанты.

Жәния ЖАБАҒИНА.

Суретте: іс-шарадан көрініс.

ЖАСБУЫН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ АЛҒАШҚЫ ДИРЕКТОРЫ

Өмірде өнегелі ісімен қадірлі, жауапкершілігі мол істен тартынбай еңбек еткен, мамандығының ардагері, Жасбуын орта мектебінің алғашқы директоры Оташев Сабыржанның өмір жолы - бүгінде артында қалған ұрпақ есінде. Іскерлігімен, алғырлығымен де көзге түсіп, адамдармен тез тіл табысып, жұмысына жауапкершілікпен қараған ол оқытушылық мамандығын игеріп, бүкіл өмірін ұстаздыққа арнайды. Өз мамандығын сүйген шынайы ұстаз жастарды тәрбиелеп, білім беруде жемісті еңбек еткен. Қазірде ұзақ ұстаздық жолында көптеген талантты шәкірттері еліміздің сан-саласында абыройлы қызметтерімен танылуда. Ұрпаққа тәлім-тәрбиенің үлгі-өнегесін көрсетіп, оларды білімге баулыған парасатты ардагер ұстаздың еңбегі жоғары бағаланып, ол Қазақстан Республикасы Халық ағарту ісінің үздігі, КСРО оқу ағарту ісінің озық қызметкері атағына ие болды. «Ұстаздық қылған жалықпас үйретуден балаға» дегендей шағын ауыл мектебін ынтымағы жарасқан ұжымға айналдырды.

Артында қалған ұрпақтары да «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, әке жолын қуып, өнегелі, үлгілі отбасы қатарында. Сабыржан ағайдың отбасын «ұстаздар әулеті» деуге болады.

Ұстаз! Осынау сөзде қаншама мән-мағына жатыр десеңізші?! Ұлағатты ой иелері де, арман оты жүрегінде алаулаған жеткіншектер де, парасатты қоғам қайраткерлері де - бір адамға қарыздар. Ол – ұстаз! Алғаш «Әліппенің» бетін ашып, әріп танытқан, өмірдің қыр-сырын білуге, сан қилы құбылыстарды терең түсінуге мұрындық болып, жан дүниені нұрлы шуақ түсіріп, адамгершілікке баулыған мұғалімнің бейнесі көңіл төрінен орын алады ғой.

Ұстаз да - диқан сияқты. Ол әр адамның жанына білім дәнін себеді. Әр шәкіртін аялап өсіріп, өмір атты шексіз ғаламға топшысын қатайтып ұшырады. Дәлірек айтсақ, адамды өмір сүруге тәрбиелейді. Сол үшін бойындағы асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңіріп, тер төгеді. Оңашада отырып ұстаз туралы ойға кетсем, көз алдымнан ақжарқын мінезді, ақ жүректі, жылы жүзді ұстаз бейнесі көрініп, мені қиялға батырып, еріксіз нұрлы естеліктерге жетелей жөнеледі.

Ұстаз бейнесі – шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғары үлгісі. Ұстаздың лаулаған жалыны әр жүрекке жылу сеуіп, нұр құятын қуаттың, өмірдің қайнар көзі. Саналы ғұмырының басым бөлігін өскелең ұрпақтың оқу-тәрбие ісіне арнап, бар білгенін шәкірттердің бойына дарытуды мақсат еткен өз мамандығының білгірі, менің алғашқы директорым - Сабыржан Оташевтің орны ерекше. Жақында республикаға танымал журналист, жазушы Ханзипа Бәлдіқызы Кәкімжанованың «Өткен күннен белгі бар» деген кітабын оқыған болатынымын. Сол кітапты оқып отырып, Сабыржан ағай туралы (2015 ж. 9 бет) ыстық лебізін оқып, таң-тамаша қалдым. Менің алғашқы директорым Ханзипа апайдың алғашқы ұстазы екен. Ханзипа апаймен Астанада жиі кездесеміз, әңгімелесеміз.

Ол кісінің менде өз қолтаңбасымен жазып берген бірнеше кітабы бар. Соңғы берген кітабынан Сабыржан ағай туралы жазғаны, мені бір қуантқан жағдай болды. Ханзипа апай отырған жерде «саналы болмай, сапалы білім болмайды» деп менің алғашқы ұстазым Сабыржан ағай айтатын деп еске алып отырады.

Мен өзімнің кластақ құрбым, Қарағанды Мемлекеттік Университетін бірге бітірген Досмағұлова Күләш екеуіміз еңбек жолымызды Жасбуын орта мектебінен бастадық. Мені 6 «а» сыныбына – 39 оқушысы бар әрі физика, математикадан сабақ берем, Күләшты 7 «а» сыныбына 38 оқушысы бар, сынып жетекшісі етіп тағайындады. Сол кездің тәртібіне сәйкес сыныпта 41 оқушыға жетпегендіктен екеуіміздің сыныбымды екіге бөлінбей қалды. Мектептегі ең оқушысы көп екі сынып екеуіміздің еншімізге тиді. Жаңа бітіріп келген жас маманға оңайға соққан жоқ. Бірақ та сол кездегі мектеп директоры Сабыржан ағай осы қиындықтарды жеңе білуге, саналы тәрбие беріп, оқытуға үйрете отырып, қатаң талап та қоя білді. Менің сыныбыма қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Ол кісінің сабағы күн сайын өтеді. Танертең алғашқы сабақ қазақ тілінен басталады. Ол кісі 39 оқушыны түгендеуден бастайтын. Сыныбымда сабақты жиі қалдыратын үш ер бала болды. Қаншама тырыссам да сыныбым 100 пайыз түгел болмайды. Үшеуі де қойшы-шопандардың балалары. Біреуінің әкешесі Чкалов бөлімшесінде, екіншісі совхоздан үш шақырым №1 бөлімшесіде, үшіншісі ауылдың ең шетінде тұрады. Қаншама тырысып бақсам да, құрығанда біреуі сабаққа келмей қалады. Марқұм Сабыржан ағай зілсіз ақырын жымиып: «Осы сенің үш оқушың мектептің үш кезекте жұмыс істейтін от жағушылары сияқты, әйтеуір біреуі сабаққа келмей демалып жатады» - дейтін. Осы сөздер намысымды жанып, бірер айда оқушыларымның толық сабаққа қатысуына қол жеткіздім. Кейін өзім басшы болғанда білдім. Сол уақытта 2-3 жетпеген оқушыны басқа мектептен қарызға алып сыныпты екіге бөліп алатын, кейін тоқсандық отчетта қайтадан есептен шығарып жіберетін пысықай директорлар болды. Ал бірақ сол тәсілді Сабыржан ағай қолданған жоқ. Ол да болса Сабыржан ағайдың өз ісіне адал, өте таза жұмыс істейтіндігі екен ғой. Ал сол кездегі өзім куә болған сол жәйттар, қазіргі уақытта нағыз жемқорлықтың көрінісі болып табылар еді.

Мектеп басшысы болғандықтан ауданға әртүрлі жиналыстарға кетіп қалатын уақыт та болады. Сол уақытта өзінің қазақ тілі мен әдебиеті сабағының орнына мен өзімнің физика, математика сабағымды өткізімді талап ететін. Сол күні оқушылар ерте сабақтан тарап кетпеу керек, сабақ кестесінде алты

сабақ болса, толығымен өтілуі керек. Бұл міндетті болып саналатын. Ал келесі күні сол өтпеген сабағын менің физика математиканың орнына өткізетін. Бұл да болса - ол кісінің ыждағаттылығы.

Мектепте 6 «а», 7 «а» сыныбы өздерінің параллель сыныптары болмағандықтан, өзара қатар келе жатқан сыныптар секілді жарыстырып, бәсекелестіріп, небір жиындарда, байқауларда қатар жарысқа қойып қоятын. Оқушыларымыз да аралары бір жасқа айырмашылықтары болса да қатар келе жатқан сыныптардай оқуда да, еңбекте де жарысып жүретін еді. Талай мектептегі жарыстарда, концерттерде бір-бірінен қалыспай отыратын. Соған сай сынып жетекшілеріміз де Күлаш құрбым да, мен де жарыса жүріп, қатты еңбек еттік. Екеуіміздің де сыныбымыз талай жоғары биіктерден көрінді. Сыныпаралық айтысқа шығамыз, көрініс көрсетеміз, шағын скетчтер қоямыз. 7 «а» сыныбына қазақ тілі мен әдебиеті сабағынан Тұрманов Темірғали ағай берді. Өз ісінің шебері, тілге жүйрік, жазушылық өнері де бар еді. Ал менің сыныбыма жоғарыда айтқандай мектеп директоры Сабыржан ағай берді. Әсіресе айтысқа шыққан кезде, Сабыржан ағайдың да өлең құрастыратын, әзілге бай шумақтары болатын. Сөйтіп екі сынып 6 «а», 7 «а» мектептегі зәт сыныптардың бірі болды. Жақында осыдан 40 жыл бұрынғы бір оқушым кездесіп, «Несіп апайсыз ба?! Ой апай, сол кезде сіздер екі сыныпты айтыстырып, шыж-быж боп жүрсеніздер, біздер оқушылар әр қайсымыз өз жетекші апайларымызды сырттарыңыздан үзілісте, мектептен тыс уақытта жарыстырып, салыстырып, әр қайсымыз өз апайымызды мақтап, сөзге талай келіп қалған кездеріміз болды ғой, оқушылар арасында, сыныптастар арасында» - деп сол кезеңдерді еске түсіріп, мені таңқалдырды. Ол балалық аңғал көңілдері ғой, ұстаздарына деген.

Мектепте сабақ өткеннен кейін де жас мұғалімдер спортзалда волейбол, баскетбол ойнап Сабыржан ағай өзі төреші болып тұратын. Ағайдың тағы бір ерекшелігі, сол мектепте жұмыс істеп жүрген барлық мұғалімдерге күзгі, жазғы уақыттарда спорттық нормативтерді (ГТО нормативі) тапсыртқызытын. Көп мектептерде, бұл тек оқушылар үшін ғой. Жексенбі күні бәріміз спорт киімімізбен жиналатынбыз. Әрқайсымыз ұзындыққа секіру, 500, 1000 метрге жүгіру т.б. нормативке сәйкес орындауымыз керек. Осының бәрі әр ұстаздың денсаулығын шыңдау, салауатты өмір сүру екен ғой.

Мен жұмыс істеген алғашқы жылдары мектепте музыкант болмады. Мектепте бастауыш комсомол ұйымының жетекшісі Күлиман Аниязова болды. Нарынқолдың қызы еді. Француз тілінің маманы. Өте сауатты, өз мамандығының білгірі, жақсы ұстаз еді. Оның фран-

цуз тілін балалар сүйіп оқитын. Жаксы маманның еңбегін бағалап, Сабыржан ағай Күлиманды Францияға туристік жолдамамен жіберіп алды. Күлиман шебер ұйымдастырушы болды. Сол кезде Сабыржан ағай қоғамдық жұмысты да қатаң талап ететін. Мен сол бастауыш ұйымның мәдениет секторымын. Тек мектеп қана емес, совхоздың барлық іс-шараларына мектеп ұстаздары қатысатын. Маған мектептегі, одан қалды совхоздың мәдени-ісшаралары жүктелетін. Әртүрлі кештер, концерттер, мерекелік жиналыстар, диспуттар, КВН-дар өткізу менің міндетім. Сол кезде мектептегі бұрынғы жылдары ансамбльде болған оқушыларды жинап, ұйымдастырып, отбасында өнерлері бар оқушыларды тартып концерт қоямыз. Ағайынды Хируова Алмағұл, Орынқұл сол кездегі мектеп оқушылары, 6 сыныпта оқитын Анар Мұздаханова оқушымды басқартып, концерт қоямыз. Сол кездегі оқушым Анар Мұздаханова елге танымал, «Дарын» сыйлығының иегері, республикаға белгілі күйші-сазгер болды.

Сабыржан ағайдың өткізген педкеңестері сол кездегі тәртіппен қарасақ шамалы партконференциямен, пленумдардан кем болмайтын. Күн тәртібі нақтылы, мазмұнды, уақыты шектеулі болатын.

Ол кісі уақытпен аса қатты санасатын. Мен педагогикалық кеңестің хатшысы болдым. Жиналыс басталардан он бес минут бұрын мұғалімдерді түгендеп қоямын. Мұғалімдер 100 пайыз түгел қатысады. Сирек жағдайда ғана ауырып қалған мұғалім болмаса, себепсіз болса, сол жоқ мұғалімді үйінен алдыртпай жиналыс басталмайтын. Мұның бәрі сол кезде біздерге жастарға аса қаталдық болып көрінетін. Жоқ ол қатаңдық емес, әр мұғалімнің жауапкершілігін арттыру, өмірге дайындау екен ғой. Сабыржан ағай, педагогикалық кеңестерде жас ұстаздардың күн тәртібіне қатысты ой-пікірлерін айтуын қатаң талап ететін. Ұжымда үлкен аға мұғалімдер көп болды. Мұқышев Әбдірахман, Махатов Әбдіқалық, Уайсов Хамит, Қоржанов Мырзабек, Файзуллин Досет, Ержанов Нағызқан, Тұрманов Темірғали, Рақышев Сейдағали, Бекжанов Қапан ағайлар. Сол кісілер сөйлесе болды деп, көбінесе жастар қалыс қалып отыратын. Бұл әр ұжымда болатын жағдай, бірақ Сабыржан ағай оған жол бермейтін, қайта жастарды көбірек қозғап, сөйлетуге тырысатын. Сол кездегі жас мұғалімдер Аниязова Күлиман – француз тілі, Ержанова Бақыт – орыс тілі, Құсайынова Күлаш – биолог, Қожина Сабилә – географ, Нұржаубаева Айжан – математика, Жұмағұлов Серік – химик, Досмағұлова Күлаш – физик, Абеуов Нұрсеит – еңбек, Сүлейменов Әділхан – әскери даярлық, Махатов Кәрімжан – дене шынықтыру, Мурсалимова Гүлжан – орыс тілі,

Жаңа кітап

ОҚЫРМАНҒА БЕРЕР ӨНЕГЕСІ МОЛ КІТАП



Жүрек
төріндегі
жарқын
бейне

Сабыржан Оташев
туралы естеліктер

Жақында «Фолиант» баспасынан шыққан «Жүрек төріндегі жарқын бейне» атты әдемі кітапты маған ардақты ұстаз, білікті басшы болған марқұм Сабыржан ағай Оташевтің ортаншы ұлы Сеитқали інім өз қолтаңбасымен сыйлаған еді. Кітапты оқып шыққаннан соң былай деп жазуыма тура келді: Айналайын Сеитқали! Жазуың қандай тартымды еді, суретшінің мүсініндей, сәулетшінің сызбамен өрнектелген ғимаратындай ғажап, алыстан көз тартып, әрбір әрпінің ерекше келістілігімен, ою-өрнекті айшықтылығымен, көзінді де, өзінді де сүйсіндіріп, еркіннен тыс қарай бергің, қарай бергің келеді! Сөйтсем, Әкең (Көкең) Сабыржаннан жұққан мұралардың бірі, өлең жазу, сөз саптау өнері де, сол көпшіліктің білетін көкеннен қалған өнерлердің жұрнағы екен ғой!

Өзін-өзі тұрақты түрде жетілдіріп, білімін тереңдетіп, жүрегін шынайы тазалығымен, адалдықтың, ибалылықтың, ізеттіліктің, тәрбиеліліктің, адалдықтың, тыңдай білудің, сыйлай білудің, сынай білудің, шырай берудің, өзін-өзі ұстай білудің ең жоғарғы мәдениетінің туының астында, бойындағы осыншама құндылықтардың жылуларын отбасына, ортасына, жан-жағына, қоғамға шашуының арқасындағы әріптестерін, замандастарын, шәкірттерін мойындатқан ерен көрегендігін осы кітаптан тауып, аз ғана уақыт бірге болған Сабыржан ағайдың - өмірге, өзгеге шынайы адал, әділ, қатарынан әлдеқайда жоғары тұрған асыл тұлға екенін тағы да көз алдыма елестетіп отырмын.

Ашуға жол бермейтін, алдау, арбауға көнбейтін, арамдыққа ұпайы кет-

пеген, ақылдан тіректі, алмастай жүректі Сәкеннің адамдық, басшылық, ұстаздық дарынын уақытында мойындағандардың шынайы лебіздері Сәкеннің тұлғалық бейнесін аспандатып, кітаптағы әрбір парақтағы жолдар жан сарайыңды кеңіте түседі.

Табынып таққа - халқын сатпаған, арын сақтаған, Сәкеннің жары да, оның жарты бақыты болыпты. Сәкеннің - өмірдегі жиғаны да, иманы да, үйдің берекесі де, күн шуағы да, қара суды балға айналдырып:

Кісіні көрсен - есіктен, жүгіре шық, кешікпе.

Қарсы алмасаң - қонақты, кесірі тиер - несіпке

- деген аталы да ғибратты сөздерді ұстанған Алданыш жеңгеміз, тектілігін білдіріп, Құдай қосқан асыл қосағының ішкі пікірін айтпай сезініп, Сәкеннің ғана емес, бүкіл ел-жұртының, қайырымы шексіз, мейірім шуағы көл кесір болып ылғи да дерлік төгіліп тұратын, көптің баталарына молынан кенелгендігінің арқасында, балаларының, немере, шөберелерінің ай нұрына шынайы ықылас, сый-құрметтеріне толығынан бөлініп, ұзақ жас (85) жасап, бұл фәниден армансыз өткен жан екен.

Балалары мен шәкірттерінің, әріптестер мен замандастарының естеліктері топтастырылған бұл ескірмейтін ескерткіш - Сәкеннің жарқын бейнесін ылғи да дерлік жанғыртып тұратын мәңгілік мұра. Осы ескерткіштің өзі - Сәкеннің ұрпақтарына тастап кеткен тәрбие мектебінің нақты жемісі екені даусыз.

Ата-бабаларыңның, Сәкен мен аналарың Алданыштың аруақтары елең, жебеп, еліміздің - елеулілері, халқымыздың - қалаулылары болып, жұлдыздарың жоғарыдан жансын!

Шынайы тілекпен Сәкеннің замандасы - Еркін ҚОЖАХМЕТҰЛЫ. еңбек ардагері. Арқалық қаласы.



қоғам қайраткерлері, ірі ғалымдар, көптеген ағартушылар шыққандығын бүкіл республика көлемі біледі десем асыра айтқандық болмас. Шын мәнінде ұлы педагог еді. Білімді, оқу-тәрбие ісін ұйымдастырудың ғажайып шебері болатын. Сабыржан ағайдың қай істе алсақ та, үлгі-өнеге алатын, әрі тәрбиелейтін тұстары көп болды. Жаңа бітіріп келген ұстаздардың, әр күн жо-спарын, айлық жоспарла-рын тіпті педагогикалық күнделіктері, жылдық сабақ жоспарларына дейін жіті қадағалап, оның әрі сауатты, әрі көркем жазылуын өте қатаң қадағалайтын.

Педагогикалық кеңес-терде менің жоспарларым-ды үлгі етіп көрсетіп, озат оқушыны мақтағандай мадақтап, коллективте көтермелеуі мен үшін үлкен мәртебе болатын. Сабыржан ағайдың жазу

жазғандағы әрбір әрпі сұлу да көркем, жазған сөздері тасқа басқандай анық та біркелкі көрінетін. 8 март мерекесінде қыздарға, әйелдерге тарту ететін сыйлық сол кезде кітап болатын. Сол кітапқа жазылатын Құттықтау тілекті ол кісі өз қолымен жазатын. Мұны мұғалімдерден оқушыға берілетін тәрбиенің бір түрі деп қарайтын. Сондай кітаптардың бірі менде әлі күнге дейін сақтаулы.

Сабыржан ағайдың жиналыста бір айтатын сөзі: «Осы менің қатты ұрсып, талап етіп, нашар мұғалімсің деп ұрсып жатқан жастарым - ертең болашақта, бір-бір мектептің жақсы ұстазы боласындар, ал енді мына мақтап жүргендерім бір-бір мектептің мендей басшысы болуға тиіс» деп сөйлейтін еді марқұм. Сол айтқандай ол кісінің қарамағында жұмыс істеп тәрбиеленген мұғалімдердің ешқайсысы жаманатқа қалдырғаны жоқ. Жұмағұлов Серік, Абеуов Нүрсейіт, Нұрмағанбетов Қайыржан, Сүлейменов Әділхан – мек-теп басшылары болды. Сабыржан ағай менің өзімді сол кезден басшылыққа бейімдеп, тәрбиелегенін кейін түсіндім.

Алғаш 2-3 жыл жұмыс істегесін, мені кабинетіне шақырды. «Мына кісі аудандық партия комитетінен келіп отыр. Өзің оқыған Аманкелді орта мектебіне директорлыққа мен сені ұсындым. Сен сол мектептің он жыл оқыған оқушысың әрі мектепте өте жақсы оқыпсың, ондағы ұжым өз ұстаздарың, соларды басқаруға барасың» - дейді.

Мен келісім бермедім, ол үлкен ұжым, қаймағы бұзылмаған өзімді оқытқан үлкен-үлкен ұстаздардың ортасы, қара шаңырақ Аманкелді орта мектебі деген аты қандай! Шынында жүрексіндім. «Әлі тәжірибем жоқ» - дедім. Бір кезде сол кісі ұсынған қызметке, ағай өмірден

өткеннен кейін бірнеше жылдан соң, өзімнің оқыған мектебіме өмірдің өзі алып келді. Сабыржан ағай сияқты мен де мектепті үздіксіз 14 жыл басқардым. Абыройсыз болған жоқпын. Бірнеше рет аудандық кеңестің депутаты, аудандық партия комитетінің бюро мүшесі бол-дым. «Қазақстан Республикасы оқу ісінің үздігі» атағын алдым. Бір кездері Арқалықта үлкен жиында, үзілісте Ах-метбек Қалиұлы Жұмабаев ағамызбен кездесіп қалдым. «Сен Несіп, Аманкелді орта мектебіне директор болыпсың ғой, мен үгіттегенде келісімінді бермедің» - дейді. Сөйтсем сол кездегі аудандық партия комитетінен келген сол кісі екен ғой. Ол кезде мен танымаймын ғой. «Сен сол кезде-ақ келіп, басқаруың ке-рек еді» - дейді Ахан аға.

Сабыржан ағай оқу-тәрбие жұмысын талап етіп қоймай, мектептен тазалықты да өте қатаң ұстады. Алғашқы келген адам мектептегі тазалықтың айнадай жалтырап тұрғанын көргенде мектептің ішіне әлі ешкім кірмегендей сезімде бо-латын.

Мектеп коридоры әр сағат сайын жуылып, тап-таза болып тұратын. Мы-надай бір қызық оқиға есімде. Алғашқы жұмыс істеген жылдары менің әжем баламның жұмыс орнын көрейінші деп мектепке келіпті. Мен сабақ беріп жатқан кабинетке келіп тұр, қарасам әжемнің аяғында мәсі, бірақ галошы жоқ. «Әже, галошсыз келдіңіз бе? - де-сем, - жоға еденнің тазалығы сондай, жалтырап жатқан соң басуға болмайды екен деп есіктің алдына шешіп кеттім» - деп қарап тұр.

Шығыс даналығында былай делінген екен: «Алдағы бір күнінді ойласаң күріш ек, он жылынды ойласаң ағаш ек, ал бүкіл өміріңді ойласаң - шәкірт тәрбиеле». Алғаш жоғары оқу орнын бітіріп кел-генде төрт жыл сынып жетекшісі бо-лып, өзім математика, физикадан сабақ берген 39 оқушымның басым көпшілігі еліміздің түпкір-түпкірінде, сондай-ақ туған өңірде мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне қызмет етіп жүр. Айтар болсам **Абатов Нұрқаси** – алтын ме-даль иегері, медицина ғылымдарының кандидаты, профессор, жоғары санат-ты хирург, Қазақстанның жоғары оқу орындарының арасында өткен «Ең үздік оқытушы» және облыс бойын-ша «Ең үздік хирург» байқауларының жеңімпазы.

Темірханов Фазылбек – медици-на ғылымдарының кандидаты, білікті хирург, Қостанай облыстық балалар ауруханасының бас дәрігері.

Қайыпбаев Берік – ветеринария ғылымдарының докторы, Қостанай облысының ветеринария бастығы.

Мұқанов Балғабай – Қостанай об-лысы тексеру комиссиясында бас бақылаушы.

Қанафина Қалима – Астана қала-сында №61 мектептің математика пәні мұғалімі.

Әуелбекова Гүлжан – Қостанайда №9 мектептің сызу, бейнелеу өнері және технология пәндерінің мұғалімі.

Шайхымов Жанұзақ – прокурор, заң қызметкері, **Мұхамеджанов Төрехан**,

Қаржауов Айдархан, **Тұрманов Қыстаубай** жеке кәсіпкерлер.

Менің сыныбымда озат оқушыла-рымның бірі болған Сабыржан ағайдың баласы Бейсенбектің қазіргі жасы – сол кездегі ағайдың жасында екен. Бүгінде Бейсенбек, Нұрқаси, Фазыл-бек, Жанұзақ, Балғабай, Төрехан, Ай-дархан, Қыстаубай – менің алдымда әлі жас баладай көрінеді. Ал сол кездегі Сабыржан ағайдың жасы, қазіргі менің оқушыларымның жасында екен. Біз, жас мұғалімдер үшін сол кезде Сабыр-жан ағай бір тау тұлға, өте көп жастағы, өмірдің бар қиыншылығын көрген, көп еңбек атқарған азаматтың биік шыңы еді. Солай болды да!

Сабыржан ағайдың жан жолдасы Ал-даныш апай – он бала тәрбиелеп өсірген, мектеп басшысы ағайдың алаңсыз жұмыс жасауына бірден-бір жағдай жасаған үлкен жүректі Ана. Алданыш апаны мен кейінірек жақынырақ танып білдім. Оған себеп - менің отбасым аудан орталығында Сабыржан ағайдың үлкен ұлы Жұмағали ағамен үй арасында үй жоқ қатар көрші тұрдық. Жұмағали аға отағасым Зекеңмен (Зейнолла Шаяхме-тов көп жыл совхоз директоры болған) аға мен інідей, замандасым Дүйсенмен апа-сіңілідей қатты араластық. Сол жылдары Арқалықтан Алданыш апа баласының үйіне жиі келіп, айлап де-малып жататын. «Келін – қайын ененің топырағынан» дегендей Дүйсеннің ақырын сөйлеген жұмсақ үні де, аққұба өңі де, әрбір ісі апаның көшірмесі іспетті. Алданыш апа келіні Дүйсенге ене емес, анасындай қамқорлық жаса-ды, немерелеріне деген ыстық ықыласы, мінезге бай парасатты көркем келбеті – нағыз қазақ әйелдерінің үлгі тұтарлық бейнесі еді. Біз Дүйсен екеуміз ол кісінің айтқан әңгімелерін түнімен тыңдаудан жалықпайтынбыз. Сабыржан ағайдың небір қызықты оқиғаларды әңгімелеп, еске алып отыратынбыз. Сабыржан аға өмірден ерте озса да, ол кісінің көрмеген қызығын Алданыш апа көріп, немере, шөбере сүйіп, балаларының ортасын-да 85 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Кешегі күні Сабыржан ағайдың ал-дынан оқыған шәкірттері, бірге жұмыс жасаған әріптестері, өзі тәрбиелеген жас ұстаздардың бәрінің ол кісіге алғысы шексіз.

Қайғысы мен қуанышын қатар тосқан өмірде баба тарихымызды жаттатқызып, ата-салтын тұрмысымызда сақтатқызып, осындай жарқын өмірге жетеледі.

Өлместің емес – өшпестің, құлқын-ның емес – құндылықтың күйін күйттеуге үйретті. Қай уақытта бол-масын аспандағы жарқыраған жұлдыз сияқты жарық шашып, күн сәулесі сияқты жылу шашып, тек өзін ғана емес, өзгелерге де жан жылуын, нұрын төгіп жүретін адамдар болады. Сабыржан ағай бір қарағанда сұстылау көрінгенмен, жоғарыда сипаттағандай адамның бірі еді. Жаны жомарт, мейірімге толы аза-мат еді!

Несіп БЕКЕНТАЕВА,
зейнеткер ұстаз, Қазақстан
Республикасы оқу ісінің үздігі.

ҰСТАЗДЫҚТЫҢ БОЛДЫ ҮЗДІК ҮЛГІСІ

Ел білетін,
Біз білетін бұл кісі -
Ұстаздықтың болды үздік үлгісі!
Сондықтан да қарапайым халқынан,
Алатаудай еді - алған алғысы!

Жас ұрпаққа арнағасын өмірін,
Алла оның биік етті тұғырын!
Туған елі айтып жатыр бүгінде,
Жарықтықтың аңыз қылып қадірін!

Абырой, атақ - ай, жылдардан құралған,
Құралған да - бар тарапқа таралған.
Кім десеңіз - бұл Сабыржан Оташев?
Адам еді ұстаз болып жаралған!

Байлық емес,
Білім жиды - бойына.
Қанат берді сол білімі - ойына!
Оған қоса талантты еді өзі де,
Шүкір етті, Тәңірдің бұл сыйына!

Ата-тектен - берілді оған көсемдік,

Ана-тектен - берілді оған шешендік.
Екі жактан қосылғасын қос өнер,
Тірлігіне - тірек болды әсемдік!

Жан жылуын аямады елінен,
Бір бекзаттық есуші еді үнінен.
Әлі есімде,
Жүргенде біз 5 оқып -
Берді дәріс ағай қазақ тілінен.

Тәуір демей - болмайды ғой тәуірді,
Сәске түс деп - кім айтады іңірді?
Солбір ғажап дәрісімен ағамыз,
Тіл қасиетін санамызға сіңірді!

Ана тілді аялау да - ар ісі,
Шын мұғалім - ел-жұртының бырысы!
Өмір бойы шықпақ емес санамнан,
Ұстазымның солбір ғажап дәрісі!

Содан бері қанша мәрте - су ақты,

Тіршіліктен көрдік қанша - сынақты?
Қазір маған көрінеді:
Ауданға -
С.Оташев жетпей тұрған сияқты!

Толмай орны - әлі күнге ерек тұр,
Біткен оған - бөлек болмыс, бөлек түр!
Ұстаздығы - болса қандай ерекше,
Тура сондай - болған еді директор!

Ол - әмәнда биіктерден көрінді,
Ал мектебі - кіл бірінші орынды
Иеленді!!!
Қазіргі ұстаз болса ғой -
Оташевтай білімді де дарынды!

...Күншығыстан рахман желі еседі,
Төбемізден ақша бұлттар көшеді.
Барды - бар! - деп,
Жокты - жоқ! - деп айта алар,

Ақсемсердей тіліп түсер кісі еді!

Білмеді ол - көлгірсуді, бұлтақты,
Ұнатпады - екіжүзді, жалтақты.
Алдаспандай мінезімен осыбір,
Тек қана алға - бастады жас ұрпақты!

Ол - әмәнда биіктерден көрінді,
Ал мектебі - кіл бірінші орынды
Иеленді!!!
Қазіргі ұстаз болса ғой -
Оташевтай білімді де дарынды!



Сырым СЫҒАЙ

АЛТЫН ЖҮРЕКТІ ҰСТАЗ

50 жылдан кейінгі кездесуге келгендердің қуанышында шек жоқ: бәрі бақытты, бәрі бала-ша маз. Үйдегі мектеп бітірушілердің түскен суреттерінен пайымдап отырмын! Кешегі шашына ақ бантик тағып, аппақ белдемшемен жүрген көрікті, үріп ауызға салғандай сұлу қыздар бүгінде ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, немере, шөбере тәрбиелеп отырған бір-бір отбасының ақ жаулықты асыл аналары да, кешегі жүректері алыс арман-қиялдарға алып ұшқан бозбалалар бүгінде шашына аппақ қырау кірген отбасы: немере, шөбере ортасындағы - тірек ата.

Кездесуге келгендер алғашқы қадамдарын өздері білім алған мектептен бастады. Сыныпқа кіріп, партаға жайғасқанда саңқылдап сабақ түсіндіріп жатқан ұстаздар елес берді ме, әлде нағыз балалық шактың куәсі болған алдыңғы партада отырған аяулы қыздың бұрымынан ақырын тартып қалған балалық сезім бе екен, әлде қатарлас отырған бойжеткеннің қол дорбасына салған үш бұрышты сәлем хаты естеріне түсті ме, галстук тағып келген байсалды аталар, ақ жаулықты аналар әрқайсысы бір түрлі күйге кіріп кетіп, қалың ойға шомып кетті...

Қонақ ретінде келіп отырған мен оларға қызыға, сынай қарап отырмын. Міне, кездесуде кезек енді әрқайсысына сөз берілді. Естеліктер, қимас сезімдер, көптеген сырлар, бірге оқыған сыныптастарын, әсіресе, білім берген ұстаздарын ерекше жылы сезіммен еске алуда.

Ортаға шыққан ауданымызда көп жыл еңбек еткен, елге сыйлы Жұмағали Оташев ағайға сөз берілді. Ол кісіні тыңдап отырып ұстаз деген ерекше құрметті атаққа ие болған танымайтын, білмейтін маған жақсылық жасаған әкенің жақсылығын баласына айтуым менің парызым шығар деп бекіндім де, ортаға шығып, ұмыт қалған, ешкім біле білмейтін жайды айттым.

Ол былай болған еді. Мен 1976 жылы ҚазҰУ-дің филология факультетін қызыл дипломмен бітірген едім, алдымда 3 жол тұрды біреуі - университеттің аспирантурасы, екіншісі - тіл білімі институты,

үшіншісі - ғылым академиясы еді, бірақ өмір аз өзгерісін қашанда әкеледі ғой. Сол жылы анамызға (енеме) жаман ауру деген диагноз қойылды да, ана алдындағы борышымызды ақтау үшін мен ауылға тарттым. Мұны айтып отырған себебім ауылда 11 қазақ, 11 орыс сыныбы бар 500 баласы бар мектеп мені жұмысқа алмады. Мектеп директоры өте сауатты, жақсы кісі еді, бірақ момын еді (қазақшылық қой, сөзін өткізе алмады, мұғалімдер сабақ беретін сағаттарын жеке меншік ретінде алып ешкімге ешнәрсе бергісі келмеді), содан директор бата алмады.

Атам өте сауатты, Торғай өңіріндегі тұрғындарды аты-жөнін айтсаң түп-тамырымен кәдімгі энциклопедия сияқты айтып беретін адам еді, тек соғыс басталып кетіп оқи алмаған. Бір күні айтты: «Қалқам, мыналардың түрі жаман, ауданға бар, естимін Оташев Сабыржан үлкен ақыл иесі, жастарға қамқор деп, өзін танымаймын, әйтпесе ертіп апарар едім» - деді.

Ертеңіне мектеп директоры екеуміз ауданға бардық. Шыны керек: ашуландым, қорландым: 5 жыл орталық кітапханадан шықпай оқыған білімім (сатып алған жоқпын) 5 жыл филология факультетінің кәсіподақ төрайымы, факультеттің жатақханасында студенттердің жатақхана ұйымының басшысы, оған қоса берік үлкен 4 жатақханада (математиктер, юристер, журналистер, филологтар тұратын) 1500 студенттің жатақханасында басқарушының орынбасары болған еңбегім ешнәрсеге жарамады ғой деп қорландым, түсінбедім, ренжідім. Басшыға кірдік: стол басында шашын тақырлап алып тастаған, байсалды, үсті-басы мұнтаздай таза, өзіне жарасымды киім киген үлкен саикалы кісі отыр екен.

Ол кісінің мысы басты ма, ашуымнан ешнәрсе қалмады, үнсіз алдына іс-қағаздарымды апарып қойдым. Қарап шығып, маған бір, директорға бір қарап 1-2 сұрақ қойды, директор жауап берді, мен үнсізбін. Директорға қарап: «менің ойымша сен бұл баланы бағаламай отырсың, егер біле білсең сенің мектебіне келіп отырған ерекше сый ғой, түбінде сенің мектебіне осы бала ие болады» деді де, жауабын күтпестен, хатшысын шақырып: «мына

баланың қолына менің бұйрығымның көшірмесін бер: 9,10,11 сыныптарға қазақ тілі мен әдебиет пәнінен мұғалім және мектептің тәрбие жұмысы бойынша орынбасарың болады» деді. Рахмет айтып шығып кеттім, аузымды аша алмадым, егер ашсам әйел емеспін бе, ағыл-тегіл жылағалы тұрмын.

Жолай ол кісінің нағыз үлкен педагог, керемет психолог, әрбір қарамағындағы мектептің тыныс-тіршілігін жіті қадағалап, біліп отыратын басшы екендігіне көзімді жеткіздім.

Көрсеткен сеніміне, білмеген, көрмеген адамына артқан жауапкершілігіне өте білгір ұстаз екендігіне таң қалдым.

Жаңа бастағалы тұрған ұстаздың өміріне жол сілтеп, жол сызып бергендей әсерде болдым. Сол үлкен ұстаз артқан сенімді, жауапкершілікті сезіп барымды салып жұмыс істедім.

Сабыржан Оташев тек қана сенім артып қоймай, сонымен қатар аузы дуалы ұстаз деген нанымға сендім, өйткені сол жылдан бастап мектептен кеткенімше 9, 10, 11 сыныптарда сабақ бердім, соңынан сол мектепке ие болып та қалдым. 90-шы жылдарда сол жауапкершілік, сол ұстаз артқан сенім бізді қиыншылықтан аман алып шықты, азғантай ұстаздармен мектепті аман алып шықтық.

Кейін сол заманда ол кісінің ақылы есімінен кетпей жаңа келген ұстаздарға (мектеп шағын комплексті болып қалған) өз сағаттарымды беріп, тек директорлық қызметтің жалақысымен отырдым. Осы сияқты көптеген жақсылық істерімен өзі директор болғанда қарамағындағы ұстаздарға, аудандық білім бөлімін басқарғанда талай адамдарға, шәкірттеріне көмек қолын созып, жол сілтеп, тәрбиелегенін естідік те, білдік те. Осындай шәкірттеріне аяулы да ұлағатты ұстаз, замандастарына сыйлы, ел құрметіне бөленген, өнегелі ғұмыр кешкен, елім үшін, болашақ үшін деген ұстаз осындай ұлағатты жас ұрпаққа тәрбие, үлгі-өнегелі болған ұстаз қазір тірі болса нағыз қазіргі беріп жатқан «Алтын жүрек» сыйының бірінші иесі болар еді-ау деп ойлаймын, өйткені нағыз соған лайықты, артынан өлмес, өшпес осындай із қалдырған асыл Ұстаз еді!

Б.ҚАСЫМОВА,
Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық жетекшісі, ұстаз.

ҒАЛЫМ-ОҚЫТУШЫ КЕЛБЕТІ

Қостанай облысы, Науырзым ауданы, №9 ауылында 1931 жылы мамырдың 5-і күні Бірмағамбет Әлім Бірмағамбетұлы дүниеге келген. Өнегелі ұстаздар отбасында тәрбие алып, жастайынан алғыр, білімге жаны құштар жан болған. Ол кісі туған күні мамырдың 5-і сол уақытта халықаралық «День печати» күні болатын. Ол да жақсылықтың бір белгісі. Біліммен өмірі өрнектелген Ә.Бірмағамбетұлы мектепті аяқтаған соң бірден жоғары оқу орнына түсуге бел байлап, қалаға жолға шықты. Ұстаздық жолды арман қылған бозбала өз білімімен оқуға түсіп, 1951 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы мемлекеттік педагогика институтының география факультетін тамамдаған.

Аталмыш институттың физикалық география кафедрасының жанындағы аспирантурада оқыды. Содан соң Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің география факультетінің ғылыми кеңесінде география факультетінің кандидаты диссертация қорғады. Физикалық география кафедрасының аға оқытушысы, доцент, профессор қызметтерін атқарды.

1960 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар институтында (қазіргі университет) жаратылыстану-география факультетінің деканы және география кафедрасының меңгерушісі болып көп жылдар бойы қызмет жасады. Осы уақыт аралығында 200-ден астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстар мен мақалар жазды. Солардың ішінде мектепке арналған 7 оқулық және көптеген оқу құралдары бар. Төл оқулықтар жазуды қолға алған еліміздің бірегей авторлардың бірі. Атап айтсақ: Ә.Коргулинмен бірлестікте жазған 3-ші сыныпқа арналған «Табиғаттану» оқулығы 10-рет басылып шықты. Сонымен қатар 4-ші және 5-ші сыныптарға арналған «Табиғаттану»



оқулықтары да жарық көрді. 3-ші және 4-ші сыныптарының «Дүниетану», 5-ші және 6-шы сыныптарының «Физикалық география» төл оқулықтарын жазуға қатынасты. 12 жылдық оқуға көшу дайындығы 6-шы сынып географиясын жазды. Жоғары оқу орындарына арналған 4 оқулықты қазақ тілінде аударуға және арнаулы редакциясын қарауға қатынасты. Ғылыми-саяси редакция редакция төрағасы және автор ретінде 12 томдық Қазақ ССР Энциклопедиясын, Қазақ ССР энциклопедиялық анықтамасын, балалар энциклопедиясын, «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясын шығаруға үлес қосты. Географиядан терминологиялық және саяси ғылыми түсіндірме сөздіктер жасауға қатынасты.

«Құрмет» ордені мен Ү.Алтынсарин, «Еңбек ардагері» медальдарымен, Қазақстан Білім министрлігінің 4 мәрте Құрмет грамотасымен, Қазақстан халық ағарту ісінің озық қызметкері және КСРО жоғары мектебінің озаты белгілерімен марапатталды. Қазақ география қоғамының құрметті мүшесі.

Әлімнің әкесі Бірмағамбет Қолдасбаев Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, халық ағарту ісінің озаты. Отбасынан 20 педагог шығып, білімнің түрлі салаларында қызмет етіп, оның ішінде 2 ғылым докторы, профессор, 3 ғылым кандидаты, 2 ғылым магистры бар. Ол кісінің есімі Амангелді ауданындағы орыс-қазақ орта мектебіне берілді. Мектеп алдында ескерткіш-бюсті қойылған.

Бүгінгі таңда білім ордасын Бірмағамбеттің немересі, тәжірибелі ұстаз,

Айтмағамбетов Абай Кәрімұлы басқарып отыр. Мектеп басшысы ұжым мүшелерінің кәсіби шеберлікпен, ізденімпаздықпен, жаңашылдықпен еңбек етіп, жас жеткіншектерге сапалы білім, саналы тәрбие беру ісіне игі ықпалын жасап жүрген азамат. Жақсы әке атанып, өзінің саяси сауаттылығымен, ізденімпаздықпен, тиянақтылық, адамгершілік қасиеттерімен ерекшеленген. Айта кетсем, 1955 жылы қарашаның 4-і күні Амангелді ауданында дүниеге келген, жасынан зерек Абай өз білімімен Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетіне түсіп, география факультетінде оқып, геоморфология мамандығын алып, 1979 жылдан бері еңбек етіп келеді.

А. Қарымұлы өзінің әкесінің есімі берілген білім ордасы Б.Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебіне арнайы шақыртылып, 2000-2001 оқу жылынан бастап, осы мектептің басшысы болып қызмет жасап келеді. Биылғы жылы Ә.Бірмағамбетұлына мерейтой - 85 жасқа толды. Елге етер еңбегіңіз, келер ұрпаққа берер тәліміңіз алдағы уақытта жалғасын табады деп сенім білдіреміз. Өмір жолында еңбексүйгіштік, қоғамдық белсенділікпен ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерге ие ірі тұлға ретінде еліміздің игілігіне бөленіп, қызметтің ең қызықты да қиын салаларын атқарып отырған абыройыз арта берсін. Қоғам игілігіне бағыттап отырған ерен еңбектеріңіздің еліміздің нығайуына өзіндік үлесі бар. Осынау игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта бергей! Шаңырағыңызға шаттық, баянды бақыт, зор денсаулық тілей отырып, өмірдің барлық қуанышын қызықтап, Алланың берген жасын жасап, кісілік келбетіңізден танбай, несібе-дәулетіңіз арта беруіне ақ тілегімізді білдіреміз!

Әнет ЖҰМАБЕК,
«Қуыршақ» театрының жетекшісі.

ШӘКІРТ ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАПҚАН

Шын ұстаздың кескін-келбеті тек мол білімі мен дария ақылымен көрінбейтіні ақиқат. Білімділік пен біліктіліктің қатарында мінез байлығы - жан сұлулығы тұрағы хак. Міне, осындай мінезге бай, шығармашыл, жанашыл, ұлағатты ұстазым Әбдіков Мұханбетәлі Серікұлы. Ұстаз шығармашылық ізденістерін баламен ғана емес ата-ана қауымымен де тығыз байланысып отырады. М.Серікұлы мектепті жақсы бағамен оқып, бала күнінен ерекшеленген. Мектепті аяқтағаннан соң, Ү.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтқа түсіп, 1996 жылы биология, география және химия мамандығын алды.

Сол жылдардан бастап география пәні мен биология пәні мұғалімі болып жұмыс жасап келеді.

Жалпы еңбек өтілі 24 жыл. Б.Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебіндегі еңбек өтілі - 17 жыл. Мұғалімнің шығармашылық тақырыбы: «Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында, жана технологияны пайдалану, сыни тұрғыда ойландыра отырып, оқушылардың күздіреттілігін дамыту». Осы тақырып негізінде мұғалім көп ізденді. 2014-2015 оқу жылында мектепшілік әдістемелік айлықтарда, апталықтарда «Еуропаның саяси картасы», «Шығыс Еуропа елдерінің шаруашылығы», «Үндістанның экономикалық географиялық жағдайы» «Америка Құрама Штаты» атта ашық сабақтары өтті.

Мұғалім 2014-2015 оқу жылында аудандық география пәні мұғалімдерінің



семинарына қатысып, жұмысы жоғары бағаланды. Сондай-ақ, осы жылы өткен аудандық «Үздік тәрбие ісі менгерушісі» байқауының жүлдегері атанды.

Оқушылардың аудандық пән олимпиадасында

2012-2013 оқу жылында Сактағанова Айша I орын, 2013-2014 оқу жылында Жармағамбетова Шолпан, Сактағанова Айша II орын, 2014-2015 оқу жылында Нәжібек Айбек II орын алды.

«Ақ бота» республикалық танымдық марафонында 2012-2013 оқу жылында Бейсенбай Жасұлан, Құлташова Ақтоты I орын, Алпыс Жансая II орынға ие болды.

2013-2014 оқу жылында 6 сыныптар арасында өткен аудандық биология пәні олимпиадасында Еренғайып Саида III орын иеленді.

Оқушы білімінің жылдық қорытындысы ұлттық бірінші тестілеу сынағы бойынша 2012-2013 оқу жылында шәкірттері 89 пайыз, 2014-2015 оқу жылында 100 пайыз білім сапасын көрсетті. Мектептегі шәкірті Нәжібек

Айбек республикалық «Биолог анықтамалығы» журналында «Үздік слайд-2014» жүлдегері атанды.

Мұханбетәлінің жетекшілік еткен сыныбының оқушылары бүгінгі күні еліміздің жоғары оқу орындарын бітіріп, әр салада жұмыс жасап жатса, «Алтын белгімен» бітірген шәкірті Шалғымбаев Амангелді оқуын Лондон қаласындағы Кембридж университетінде магистратурада жалғастыруда. 2014 жылы республикалық «Үздік әдіскері» байқауына қатысып, сертификатпен марапатталды.

Ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына орай, Үрпек ауылындағы штаб, мұражай, ұстахана, сондай-ақ, Доғал соғысы болған жер Тынымбай көні жерінде болып, А.Имановтың тікелей ұрпақтарымен сұхбат жүргізілді. Серу-

енге жауапты Г.Жакупова мен Д.Сәрсенбетов. 26 оқушы саяхатқа тартылды. Осы саяхаттың барысында оқушылар Амангелді Имановтың шөбере келінінен батырдың өлімін жоқтау жырын жазып алды. Сонымен қоса ұлт-азаттық қозғалыста мыңбасы болған Қосжан батырдың ауылына барып ескерткішіне тағзым етіп қайтты.

М.Серікұлы жұмысымен шектеліп қалмай, мектебімізде өтетін іс-шараларға белсене араласып, олардың бүгінгі күн талабына сай өтуіне ат салысып отырады. Сонымен қатар ата-анаға беделді, ұжымына сыйлы, оқушылары құрметтейтін ұлағатты ұстазды ұстаздар күні мерекесімен құттықтап, шығармашылық табыс, отбасына тек қата жақсылық тілейміз!

Ислам ТҰРҒЫН,
шәкірті.

БАТЫР АТА МУЗЕЙІНДЕ БОЛДЫҚ

Мұражай – рухани байлығымызды кеңейтетін мәдени орындардың бірі. Оған саяхат жасау арқылы бұрын танып білмеген тарихи деректерге қанық боласыз. Жаныңа рухани азық аласыз. Іздегеніңді тауып, керегіңе жаратасыз.

Осы мақсатта Әнуар Боранбаев атындағы мектептің 1-3 сынып оқушылары мен сынып жетекшілері ауданымыздағы А.Иманов атындағы мемориалдық мұражайына саяхат жасап қайттық. Бізді мұражай қызметкерлері үлкен қуанышпен қарсы алды. Бәріміз мұражай ішін аралап, бұрынғыдан көп өзгергендігіне көз жеткіздік. Оқушыларға мұражайдың жаңа келбеті қатты

ұнады. Ондағы әрбір экспонаттармен ерекше ықыласпен танысты.

Мұражайдың жаңа келбеті көркейе берсін деген ниетпен, қызметкерлерге зор талағай табыстар тіледік және естелік ретінде фотоға түстік. Алдағы уақыттарда мұндай саяхаттар өз жалғасын табады деген ниеттеміз.

Г.КАЛИЕВА,
Ә.Боранбаев орта мектебі

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»
- АКЦИЯСЫН
ҚОЛДАЙМЫЗ!

Әр оқу жылының қарсаңында «Мектепке жол» - акциясының өткізілуі дәстүрге айналып келеді. Биылғы оқу жылында да аталмыш шара өз жалғасын тапты. Ағымдағы жылы тамыз, қыркүйек айларында аталмыш акция аясында оқушыларды жаңа оқу жылына дайындау науқанына Н.Мейірманов атындағы жалпы білім беретін орта мектеп ұжымы да атсалысты. Мектеп директоры Б.Дауитбаев, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ұ.Жұмағалиева, әлеуметтік педагог сынып жетекшілерімен бірлесе шағын аудан бойынша рейдтік тексерулерге шығып, аз қамтылған жанұя балаларына көмектесу үшін демеушілер іздегіру жұмыстары жүргізілді. Рейд барысында көмек қажет

ететін отбасылар анықталып, ата - аналар тарапынан өтініштер түсті.

Аталған акцияға ауданымыздағы барлық мекемелер үн қосып, бірауыздан атсалысты. Олар: «Төтенше жағдайлар бөлімі», «Әділет басқармасы», «Амангелді мал дәрігері» бөлімі, «Амангелді аудандық саз мектебі» - мектеп оқушыларын жаңа оқу жылына дайындауға үлес қосып, аз қамтылған жанұя балаларына киім-кешек, кеңсе тауарларымен жәрдемдесті.

Шағын ауылда орналасқан «Келмек» - сауда дүкені, «Қуатбек» - шаруа қожалығының иесі акцияны үнемі қолдап, аз қамтылған жанұя балаларына жан - жақты көмек көрсетіп жүр. Мектеп мұғалімі О.Жақин көп балалы отбасынан шыққан 1 оқушыға

спорттық аяқ киім сыйға тартты. Жалпы көрсетілген көмектің баға саны – 100 900 теңгеге жетті.

Н.Мейірманов атындағы жалпы білім беретін орта мектеп ұжымының «Мектепке жол» - акциясын қызу қолдап, жұмыстануының нәтижесінде оқушылар оқу жылына ұйымшылдықпен келіп отыр. Бұл шара балаларды білімге жұмылдырып, оқуға деген қызығушылығын арттыратын бірден-бір дұрыс қадам. Көмекке зәру балаларға жан - жақты қолдау алдағы уақытта да көрсетіле бермек.

Ерсін ЖҰМАҒҰЛ,
мектептің әлеуметтік мұғалімі.

ЕСКЕ АЛУ



Кеше ғана ортамызда жарқырап жүрген баурымыз Асылхан БОРАНБАЙҰЛЫ тірі болса 30 қыркүйекте 30 жасқа толар еді. Тағдырдың жазуына амал бар ма? Сұм ажал ортамыздан ерте алып кетті. Жүрегі кең, мандайы ашық, мейірімді жан еді. Өзі жоқ болса да жүрегімізде жарқын бейнесі мәңгі сақталады. Сағынышпен еске аламыз.

Амал бар ма, жазғанына Құдайдың,
Өтті міне бір өзіңсіз жыл, ай-күн.
Нұр төгілген нұр бейнеңді еске алып,
Сағыныштың уын жұтып мұңайдым.

Асылханым, қолтығымнан демеген,
Анашым деп еңбегімді елеген.
Көрмей кеткен қызықтарың қаншама,
Аман болсаң 30 жасқа келер ең.

Ұлым едің желбіреген тұлымың,
Ойда жоқта аласарды тұғырың.
Ешқашан да есімізден кетпейсің,
Жатқан жерің жайлы болсын, құлыным!

Еске алушылар: анасы Сауле, бауырлары.

2016 жылдың IV тоқсанында Амангелді аудандық мәслихатының аппаратында жеке және заңды тұлғаларды қабылдау К Е С Т Е С І

Қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты-жөні	Қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Байланыс телефоны
Кеделбаев Қанат Уәшұлы	Аудандық мәслихат хатшысы	әр аптаның сейсенбі күні сағ. 15 ⁰⁰ – 17 ⁰⁰ дейін	21-6-00
Әлшорин Сейдағалым Шіменбайұлы	Аппарат басшысы	әр аптаның бейсенбі күні сағ. 15 ⁰⁰ – 17 ⁰⁰ дейін	21-5-31

Аудандық мәслихат аппаратының мекен-жайы: Амангелді селосы, Б.Майлин көшесі, 14 үй. 2 қабат
тел/факс: 8 (71440) 21531; 22015 СЕҢІМ ТЕЛЕФОНЫ: 21-5-31

Жазылған жайдың жаңғырығы

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2016 жылдың 09 қыркүйегі күні «Аманкелді арайы» газетінің №37 санында менің (Амангелді ауылдық округінің әкімі М.С.Дихамбаевтың) атыман «Көшеге малдарын бос жіберіп, тазалықты сақтамай жүргендер кімдер?» атты мақалада Амангелді аудандық «Нұр Отан» партиясының «Біздің ауыл» жобасы бойынша өткен отырысқа шақырылған ауыл тұрғындарының аты-жөні жарияланып кеткен. Бұл мақала бойынша деректер дұрыс көрсетілмеген.

2016 жылдың 5 қыркүйегі күні сағат 15-00 де «Нұр Отан» партиясы Амангелді аудандық филиалының ғимаратында Амангелді ауылының тұрғындарымен «Селоны аба-тандыру мен көркейту және қолдандыру» жұмыстары жөнінде жиын өткізілген болатын. Осы отырыс жиынына А.Байтұрсынов, Ә.Дүйсенбін, М.Маметова С.Мауленов көшелерінің тұрғындары шақырылып, оларға 2016 жылдың 12 қыркүйегіне дейін, өздерінің тұрғын үйлерінің ауаларын жинап, қоршауларын дұрыстау туралы ұсыныс өтініші

Ардақты ағайын! «АА» газетінің редакциясы газетің 37-ші (7729) нөмірінде жарияланған «Көшеге малдарды бос жіберіп, тазалықты сақтамай жүргендер кімдер?»

атты мақаладағы тізім тексерілмей, жарияланып кеткені үшін есімдері аталған азаматтар мен азаматшалардан кешірім сұрайды.

Құрметпен - «АА» газеті редакциясы

М.ДИХАМБАЕВ,
Амангелді ауылдық округінің әкімі.

Құттықтаймыз!

МІРЕЙТОЙ – 70 ЖАС!



Әкеміздің, атамыздың, ауданымыздың ардақты ақсақалдарының бірі Сапар АХМЕТОВТІҢ құдай қосқан серігі, аяулы анамыз, әжеміз Сақан ХАМЗАҚЫЗЫ 70 жасқа толып отыр. Сонымен қатар анамыз бен әкеміздің шаңырақ көтергендеріне 51 жыл! Бүгінде екеуі жұпттары жазылмай мағыналы да мәнді өмір сүріп келеді. Әке-шешеміз барлық балалары мен келіндеріне, немерелеріне, шөберелеріне үлгі-өнеге.

Ардақты ана атанған анамыз, енеміз біздің бәрімізді ер жеткізіп, аналық ақ сүтін беріп, адал тәрбиелеп шығарды. Енді қазір немерелері мен шөберелеріне тәрбие беруде.

Анамыздың 70 жасқа толған мерейтойы – біз үшін зор қуаныш, айтулы мереке! Әкеміз екеуіне алдағы уақытта да осылай бірге жасап, барлық ұрпақтарының қызығын молынан көре беруін тілейміз. Келіндеріне ақылшы, қамқоршы ене болған анамыз, әжеміз ағайын-туысқа да, көрші-көлемге де сыйлы адам. Аллатағала ол кісіні осы абыройынан айырмасын.

Анажан, құтты болсын 70-іңіз,
Аңыз боп ағайынға кетті ісіңіз.
Адал жар, аяулы ана, адал ене -
Атанған сіздің бір мықтысыңыз!

Жарасып өтсін әмн өмірлерін,
Біз үшін ерекше ғой қадірлерін.
Әрдайым алақанда аялайды,
Ұл-қызың және барлық келіндерін.

Құттықтаушылар: отағасысы Сапар және балалары, келіндері, немерелері мен шөберелері.



Құттықтаймыз!

Құрметті Бәдиша ЕГІНБАЙҚЫЗЫ! Сізді 4 қазан - зейнеткерлік жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Өміріңіздің әр күні шалқыған шаттыққа, отбасы-Отанда, балаларыңыздың ортасында бақытқа толсын. Өмір жасыңыз ұзақ болып, көрген бейнетіңіздің зейнетін көріп, денсаулығыңыз мықты болып, бақыт, байлық алып келсін! Жапырағын жайған мәуелі бәйтеректей ғұмыр тілейміз! Өрқашан үміттеріңіз орындалып, талағай табыстарға жете беріңіз! Отбасыңыздан бірлік, құт-береке кетпесін. Сіз бар күш-жігеріңізді, мол тәжірибеңізді шәкірт тәрбиелеуге арнадыңыз. Жасаған жақсылықтарыңыздың жемісін көріп, құрмет пен сыйға бөленіп жүре беріңіз.

Талай күндер төккен термен өткен күн,
Қуаныштың нәрі көктен сепкен күн.
Талай жылдар тағылымы толысып,
Еңбектен соң зейнет келіп жеткен күн.

Еленді еңбек қуанышты бәріміз,
Зейнет жаспен құлпырады сәніңіз.
Жалынды жас кейіпін әлі сақтапсыз,
Қуанышқа ортақ біздің бәріміз.

Ігі тілекпен: Жасбуын жалпы білім беретін орта мектеп ұжымы.



Құттықтаймыз!

Бәдиша ЕГІНБАЙҚЫЗЫ!

Сені 4 қазан күні зейнеткерлікке шығуыңмен шын жүректен құттықтаймыз! Саған зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасына береке-бірлік тілейміз. Өсіріп отырған ұл-қыздарыңның, немерелеріңнің қызық-қуанышына бөлене бер!

Аяулы да сүйікті құрдасымыз,
Кішкентайдан бірге өскен жолдасымыз.
Құтты болсын бұл тойың зейнеткерлік,
Ұзақ болсын ылайым ғұмыр жасыңыз.

Сау-саламат шаттықта аман жүргей,
Алланың берген жасын жасай бергей.
Өсірген қатарынан еш кем қылмай,
Қызығын ұл-қызыңның көре бергей!

Тілек білдірушілер сыныптас құрдастарың: Қилымбек, Ғафур, Жұмағали, Айтмұхан, Сабыр, Әмірбек, Ғұсман, Нүриден, Орынбасар, Гүлнар, Зұбайра, Меруерт, Зәуреш, Гүлбаршын, Жәмила, Нестай, Ғалия, Ұлман.

ЖЫЛДЫҚ АСЫНА ШАҚЫРАМЫЗ

Ардақты әкеміз Нәжібек қажы ОСПАНҰЛЫН сағынышпен еске ала отырып жылдық асына туыс-туғандарды, көрші-көлем, сыйласқан азаматтарды шақырамыз. Ас 2016 жылы 14 қазан күні сағат 12.00-де «Елдар» кафесінде беріледі.

Жұбайы Қалима, балалары.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, АҚИЫҚ АҚЫН

...Алдымда қалың-қалың екі том жатыр. Авторы - есімі қазақ халқына кеңінен белгілі ақын ағамыз, ұстазымыз Жұма-Назар Сомжүрек!

Таяуда ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдық тойына келгенде автограф жазып, сыйлаған еді. Бұл кісі - біздің балалық, бозбалалық шағымыздың куәгері.

1967 жылдың күзінде бұрнағы В.Ленин атындағы мектеп-интернатқа қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беруге келген сәті көз алдыма оралды. Біз оған дейін қазақ тілі пәнінен белгілі журналист Мұратбек Жарлығастан және марқұм Сабыржан Оташевтан, ал қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 6-7 сыныпта белгілі ақын, тамаша журналист, облыстық «Торғай таңы» газетінің редакторы болған Көшкінбай Кенебаевтан дәріс алған едік. Осы аттары аталған ұстаздарымыздың қай-қайсысы болмасын Аманкелді ауданына еңбектерін сіңірген азаматтар болатын. Әр қайсысының өлкемізде өзіне тән орны бар еді.

Ал мына кісі - Жұмаш аға тіптен өзгеше екен. Келген бетте біздің бәрімізді өзіне баурап алып, жандүниемізді әлдиілеп жүре берді. Біз бәріміз ол кісінің жарқыраған кең мандайына, сұлу да сымбатты тұлғасына, сөйлеген сөзіне аң-таң болып қарап қалдық. Соны сезген болу керек ұстаз шабыттана сөйлеп кетті. Бәріміздің көзіміз сол кісінің аузында. 45 минуттың қалай өте шыққанын білмей қалдық. Үзілісте бір-бірімізге:

- Мынау ұстаз ғажап қой! – дестік.

Шындығында да ол кісі ғажап еді. Біз ағайдың сабағына кешікпейтін болдық. Басқа сабақтан қалып қойсақ та, ол кісінің әрбір сабағын жібермейтінбіз.

Арада жылдар өтті. 1997 жылы ағай 60 жасқа толды. Соған байланысты ауданда кездесулер өтті. Ағайдың құдасы, елге сыйлы ағамыз Жұмағали Оташев маған сол кісіні Қарасу ауылына алып барып, кездесу өткізуді тапсырды. Обалы не, ауыл халқы ұстазды қуана қарсы алды. Жаксы кездесу өтті. Шабыттанып тұрып өлеңдерін оқыды. Жұрт сілтідей тынып, оның әр сөзін құмарта тыңдады.

Жалпы ұстаз өте шешен кісі. Сөйлеп кеткенде тілдің майын тамызады. Үлкен де, кіші де оған қызыға қарап қалады. Бұл жолы да солай болды. Реті келіп тұрған соң мен өзімнің «Жұмаш Сомжүрек» деген өлеңімді оқыдым. Бұл – әрине, ұстазды сонау алғаш көргеннен бастап көңілде орын алған әсерден туған жыр еді. Енді сол жырды келтіре кетейік:

**Біз едік сен оқытқан бала-шаға,
Кенелдік дәрісіңнен тамашаға.
Ол менің 13-тегі кезім еді,
Солбір жыл есінде ме, Жұмаш аға?!**

**Болатын Мың Тоғыз Жүз Алпыс Жеті,
Алдында жатты – «Қазақ әдебиеті».
Оқы! – деп бердің маған сол газетті,
Қарасам өлең екен екі беті.**

**Қадырдың, Жүмекеннің, Марфуғаның,
Басқа да талай жаңа өр тұлғаның
Жырлары басылыпты!!
Есімде аға,
Тербеліп бөлме ішінде шарқ ұрғаның!**

**Сонан соң жыр туралы сөз бастадың,
Біздерге алуан-алуан ой тастадың.
Жараған бауырынан арғымақтай
Сыйа алмай кең бөлмеге ойкастадың.**

**Аң-таң боп саған қарап тәмәм бала,
Отырдық қыбыр етпей қайран қала,
Оқыдың өзіңнің бір өлеңінді,
Аты оның - ұмытпасам «Туған дала».**

**Жырыңды тыңдай бердік үнсіз ұйып,
Санаға ана тілдің нәрін құйып.
Сен бізді баурап алдың сиқыршыдай,
Отырдық әр сөзіңе үнсіз бұйып.**

**Білгенді айту – міндет-парыздағы,
Жыршыдай көрінуші ең - аңыздағы!!
Жарқырап аймандайың тұрушы едің,
Болсанда жап-жас жігіт отыздағы.**

**Ақындық өнеріне басымды ніп,
Келемін содан бері әлі сүйіп.
Тағдырдың тепкісіне төтеп берген,
Кім сені осал, дейді көзі қиып?!**

**Биікке,
Тек биікке ұрдың құлаш,
Біледі – еңбегінді тәмәм Алаш!!
Аяулы ұстаз Жұмаш, ғалым Жұмаш,
Ақиық ақын Жұмаш, аға Жұмаш!!**

**Мінезі – аңқылдаған бала, Жұмаш,
Көңілі – көктемдегі дала, Жұмаш.
Мықтымсып жүргендердің талайынан,
Бір бөлек, оқшау тұрған дара, Жұмаш!!**

**Жетіпті саған да кеп кемелдік жас,
Еліңе ырыздық қып өнерін шаш!!
Еркіндеп еркелесек ертелі-кеш,
Аңқылдап алдымыздан құшағыңды аш!**

**Қартаю – әлі саған ерте дейміз,
Болғанда – өзін сақа,
Біз – кеңейміз!!
Аман жүр алдымызда,
Сен болмасаң –
Ағатай, айтшы, кімге, еркелейміз!!**

Бұл - біздің ұстазымызға, ағамызға деген жүрекжарды тілегіміз еді. Ол осы өлеңді байыппен тыңдап болған соң:

- Мұндай өлең Қадір мен Тұманбайға да шығарылған жоқ. Жарайсың, шәкіртім! Жолың болсын, жолдасың өлең болсын! - деп қолымды алғаны есте.

Содан бері де 20 жыл өте шығыпты. Алла нәсіп етсе, келесі жылы Жұма-Назар аға 80 жасқа толмақ. Соның қарсаңында әрқайсысы 600 беттен тұратын қос томдық жыр жинағын шығаруы - оның ақындық, азаматтық ерлігі деп білеміз.

Ұстазымыздың «Балсұлу» атты көлемді дастанына Алғысөз жазған Алаштың Акселеуі атанған А.Сейдімбек «Поэзияда көріну, танылу деген өзі жеребе тартқандай шаруа. Сен анау Қадір, Тұманбай, Сағи сияқты қазақ поэзиясында танылып, мойындалған жоқсың. Солардан сенің шеберлігіңді кем демес едім. Бірақ сен сол үйірден, яғни әдеби ортаннан шеттеп, алыста қалып, қосыла алмай жүрген, тағдыр-талайың кедергі болып жүрген жансың ғой. Бірақ оған мойымау керек.

Жалпы, Жұмаш сенің жасап жүрген тіршілік әрекеттерің үнемі көңіліміздің көкжиегінде жүреді. Басынды тауға да, тасқа да ұрып, бір дамыл таппай жүретін шығармашыл замандастарымның бірі ретінде үнемі саған тілекқорлықпен қарап жүретінбіз. Сен айналыспаған шаруа жоқ. Ауыл өмірін оңалтудан бастап, мектептің білікті болуы, ұрпақ тәрбиесін түзеу арқылы, жасөспірімдер мен жастар қылмысын болдырмау, жеріміздің иесі тек қазақ халқы болуы керектігі, ұлттық болмысымызды сақтау, тәуелсіздігімізді нығайту... мына демократия деген заман келгенде әділдіктің бел алуына дейін белшешіп араласып жүргеніңнің бәрін жақсы білеміз. Мынау соңғы жазған «Балсұлу» атты көлемді поэманды арнайы уақыт бөліп оқып шықтым. Менің бірінші көңілім сүйсініп, сенімнің орныққан бір жәй - ол сенің ақындығың, ақындығыңда шәк жоқ екен. Өлең жасай аласың, өлеңнің қасиетін жақсы білесің» - деп жазғанында үлкен тілектестік сонымен бірге ақын шығармашылығын лайықты бағалау бар деп білеміз.

Жалпы, Жұма-Назар Сомжүрек шығармаларының арқауы - ең алдымен Торғай өлкесі, сонымен қоса осы өлкенің халқы. Ақын махаббат, табиғат тақырыптарына да көп жазды. Әлі де жазып келеді. Қатар-күрбылары оны «Махаббат жыршысы» деп бағалайды. Осы бағаға біз де қосыламыз. 60 жыл-

дан астам уақыт жыр жазып келе жатқан ақын шығармаларының саны да, сапасы да ешкімнен кем емес. Бірақ мына қос томдыққа ең таңдаулы деген өлеңдері мен поэмалары топтастырылыпты.

Қос томдықтың бірінші томы «Ұлымын Аманкелді сарбазының» деген өлеңімен ашылыпты. Осы өлеңінде ақын өзінің жүрек сырын жайып салады. Назар аударып көрелік:

**Нық қадап туралықтың тал қазығын,
Ел-ел! - деп мұз жастанып, қар жамылдым.
Бас пайдасы кірмейтін түсіне де,
Ұлымын Аманкелді сарбазының!**

**Әбдірахман - сарбаз әкем сом білекті,
Сардарға еріп соғыста ерлік етті.
Көтеріліске қатысқан бастан-аяқ,
Кісі еді батыл, қайсар, ер жүректі!**

**Самалына шомылып жел-жібектің,
Намыстың мен де туын желбіреттім.
Өзімнен төртінші атам Бектұр қажы,
Жалғыз ұл - немересімін Сомжүректің!**

**Құлымын, асыл халық, асыл ардың,
Мұңын-жоғын жоқтаймын осылардың.
Азаңдап әкем қойған атым - Жұма,
Абыз ата есімін қосып алдым.**

**Туралықтың келемін туы астында,
Білмеймін, асауымн ба, жуаспын ба?
Білетінім - жетсем деп мен күрескен,
Әділдік қиял қыздай қыр астында.**

**Әділдік деп көп болды алысқалы,
Қалам-найза сілтесіп қағысқалы.
Жамандықтың неткен бұл жаны сірі,
Ауылы адалдықтың алыста әлі.**

**Қиянаттар қинайды ақын жанын,
Аксақалдық жасқа да жақындадым.
Шындық үшін шырылдап отқа түсер,
Әділдік сарбаздары сапындамын!**

Міне, өзі айтқандай ақсақалдық жасқа жеткен ағамыздың жан сыры осы! Оның жаны нәзік әрі сезімтал. Ол өзі көрген алуан түрлі жәйттар туралы қалам тербейді. Өлеңдерінде шыншылдық пен сыншылдық басым. Қашанда ақиқатты айтады және жеріне жеткізе айтады. Дүниетанымы кең. Білімі де сол деңгейде. Анабір жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде «**Әдебиет - рухани әкеміз!**» деп тамаша макала жазды. Сол макаланы барша қазақ қауымы, әсіресе, ұстаздар ортасы сондай жылы қабылдады. Аталмыш газеттің бетінде ағамыздың осы туындысын қолдаған көптеген мақалалар басылды. Шындығында да «Әдебиет - қай ұлттың болмасын рухани әкесі» екені анық. Әдебиет ұлтты әсіресе, жас ұрпақты тәрбиелеудегі ең күшті, ең пәрменді, ең ауқымды құрал деуге болады. Қазақтың тарихына қарап отырсаңыз бұрынғы өткен хандар мен билер, шешендер мен көсемдер туған әдебиетімізді жетік білген. Олар ақындардың жырларын жатқа оқыған. Бұл тамаша дәстүр кенестік дәуірге дейін салтанат құрды. Мысалы, Шал ақынның тауып айтқан бірауыз сөзіне Абылай хан тоқтаса, әйгілі Тезек төре Сүйінбайдың уытты жырларына бас иген. Мұндай мысалдар қазақтың ежелгі әдебиетінде көптеп кездеседі. Асан Қайғы, Бұқар жырау, Махамбет секілді ақындардың отты жырларына хан да, қара да тоқтаған. Ол кезде барлық мәселе орынды айтылған бірауыз сөзбен шешілген. Бұл дәстүрді Жұма-Назар Сомжүрек жақсы жалғастырып келеді.

Ақынның қос томдық өлеңдер мен поэмалар кітабы мазмұнына сай өте сапалы безендірілген. Ақын өлеңдері сан-алуан тақырыпты қамтиды. Оларда ел бірлігі мен ынтымағы, әділеттілік пен адалдық, тәуелсіздік пен азаттық, махаббат пен достық, сыйластық, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді құрметтеу және басқа да



тақырыптар қамтылған. Ақынның әр өлеңінде салмақты ой, толғақты түйін жатыр. Қай өлеңін оқып қарасаныз да, адам жанын әлдиілеп, қуанышқа кенелтеді.

Оның өлең-жырларында аты айтып тұрғандай әсіресе, туған жер, Сарыарқаның саумал ауасы, сырлы самалы, көк тіреген таулары мен сылдырлай аққан өзендері, сыңғырлаған бұлақтары, ең бастысы адамдардың алуан түрлі мінезі соншалықты дәл әрі нәзік бедерленген.

Бұл қос кітап - 80 жасқа иек артқан ұлағатты ұстаз, ақиық ақын, ел ағасы, абыз ақсақал Жұма-Назар Сомжүректің туған еліне жасаған рухани зор тартуы деп білеміз. Қалың оқырмандарымызды осы қос томдықты оқуға шақырамыз. Өз ақынымызды - алдымен өзіміз құрметтемесек, кім болғанымыз? Оның үстіне Жұма-Назар Сомжүрек - атақ-даңқ қуған кісі емес. Өмір бойы қарапайымдылықты ұстанған қалам қайраткері. Оның өлеңдерінде жасандылық жоқ. Жүректен шыққан жырлары әр жүрекке жетіп жатады.

Жұма-Назар Сомжүрек - кешегі Сырбай, Ғафу секілді қазақ әдебиеті классиктерінің ізін басып келе жатқан толқынның ең мықты өкілдерінің бірі! Жоғарыда Акселеу Сейдімбек ағамыздың берген бағасы өте орынды деп білеміз.

Жұмаш аға жас кезінде Сарыторғайда, Кемерде ұстаз болса, кейін республикалық, облыстық газет-журналдарда қызмет істеді. Өзінің білімді сыншылығымен де кеңінен танылды. Енді бір сәт Аманкелдіде Агрофирма ашпақ болып, нарықтын алғашқы жылдарында көп қарекет етті. Алайда, берекесі кетіп, ақыры күйреп тынған социалистік жүйе оның ел үшін жаңалықты іс жасауына мүмкіндік бермеді. Сол сияқты, Арқалық қаласында да жасөспірімдермен жұмыс жасау жөнінде де үлкен жаңалықты іс жасады. Сол алаөкпе жылдардың талапайына тап келген бұл бастамасы да жүзеге аспай қалды. Бұған ақын ағамыз кінәлі емес. Өйткені, қоғамдық жүйе оның жаңалықты батыл ісіне жол бермеді. Нәтижесінде, ақын осы тарапта да көптеген тамаша жырлар жазды. Аталмыш кітапта бұл өлеңдер де өз өрнегін тауыпты.

Қорыта айтқанда: ауданымыздан шыққан үлкен әдебиет қайраткері, ұстазымыз, ағамыз Жұма-Назар Сомжүректің «Сарыарқа сазы» атты қос томдық өлеңдер мен поэмалар кітаптары - оның 60 жылдан астам уақытқа созылған шығармашылық жолының есебі іспетті.

Қадыр Мырза-Әлі, Мұқағали Мақатаев, Тұманбай Молдағалиев, Сағи Жиенбаев секілді ақындармен терезесі тең Жұма-Назар Сомжүректің әдеби еңбегі - елі құрметтеуге лайық туындылар! Алайда, қарапайым да қалыпты ағамыз еңбегім еленбеді деп ешқашан өзгеге өкпелеп, ренжіген жан емес. Сондықтан да, көпшілік алдағы уақытта мұны ескеріп, өзінің абыз ақсақалына, ақынына орынды құрмет көрсетсе, жөн болар еді.

Мағаш МҰХАММЕТҚАЛИ

АМАНКЕЛДІ АРАЙЫ
Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Меншік иесі: «Аманкелді арайы» газеті редакциясы ЖК. Газет 2016 жылдың 15 ақпаны күні Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі мемлекеттік кірістер комитетінде тіркеуден өткізіліп, серия 3920 №0000415 куәлігі берілді. Редакция оқырман хаттарына, жарнама мен хабарландырудың мәтініне жауап бермейді, оларды қайтармайды. Газетте жарияланған автор пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табак. Таралымы - 2000 дана. Тапсырыс - 1981

Тарихи анықтама: газет 1935 жылдың 15 маусымынан бастап шығады. Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. «Аманкелді арайында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өзгертіп, сілтемесіз басуға болмайды. Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2 - қабат, 201 - 202 бөлмелер. Телефондар: (8714-40) 2-38-10. 2-10-57

Газет Қостанай қаласы, С.Мәуленов көшесі №16, «Қостанай-полиграфия» ЖШС баспаханасында басылды.